

"Транзиттік тасымалдар жөніндегі ЭКО Негізгі келісімін және Транзиттік тасымалдар жөніндегі ЭКО Негізгі келісіміне Қосымшалардың мәтіндеріне қол қою туралы Хаттаманы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 28 тамыз N 948

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Транзиттік тасымалдар жөніндегі ЭКО Негізгі келісімін және Транзиттік тасымалдар жөніндегі ЭКО Негізгі келісіміне Қосымшалардың мәтіндеріне қол қою туралы Хаттаманы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Транзиттік тасымалдар жөніндегі ЭКО Негізгі келісімін және Транзиттік тасымалдар жөніндегі ЭКО Негізгі келісіміне Қосымшалардың мәтіндеріне қол қою туралы Хаттаманы бекіту туралы

Алматы қаласында 1998 жылғы 9 мамырда жасалған Транзиттік тасымалдар жөніндегі ЭКО Негізгі келісімі және Транзиттік тасымалдар жөніндегі ЭКО Негізгі келісіміне Қосымшалардың мәтіндеріне қол қою туралы Хаттама бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

ТРАНЗИТТІК ТАСЫМАЛДАР ЖӨНІНДЕГІ ЭКО НЕГІЗГІ

КЕЛІСІМІ

КІРІСПЕ

УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР:

Өз елдері арасында достық қарым-қатынас пен ынтымақтастықты қолдау, дамыту және нығайту НИЕТІН БАСШЫЛЫҚҚА АЛА ОТЫРЫП, мемлекеттердің аймақтық және халықаралық тұрғыда өскелең қарым-қатынасын СЕЗІНЕ ОТЫРЫП,

бірде-бір ел оның теңіз жолы бар-жоқтығына қарамастан қалған әлемнен оқшау қалмау тиістігі КӨЗҚАРАСЫН ҰСТАНА ОТЫРЫП,
көлік және коммуникациялардың оңтайлы, үйлестіруші және өзара тиімді жүйесін дамытуға және қолдауға ҰМТЫЛА ОТЫРЫП,

БҰҰ АТМЭӘК Азия-Тынық мұхит аймағының жер үсті көлігі инфрақұрылымын дамыту жөніндегі біріккен жобасын және БҰҰ Бас хатшысының теңіз жолы жоқ, Орталық Азиядағы жаңа тәуелсіз әрі дамушы мемлекеттердегі, сондай-ақ оларға көрші мемлекеттердегі (А/49/150) транзиттік көліктік жүйелерінің ағымдағы жағдайы мен келешектегі іс-қимылдың ұсынылатын нұсқалары туралы баяндамасын және ЭКО аймағындағы көлік және коммуникациялар инфрақұрылым мен трансұлттық құбыр желілерінің желісін дамыту туралы Ашхабад Декларациясын (1997 жыл) НАЗАРҒА А Л А О Т Ы Р Ы П , с о н д а й - а қ ,

Құрлықішілік мемлекеттердің транзиттік сауда жөніндегі конвенциясында (1965 жыл) және Сауда, кеден және көлік бойынша халықаралық басқа да халықаралық конвенцияларда, Транзиттік сауда бойынша 1995 жылғы ЭКО келісімінде жарияланған қағидаттар мен ережелерге СІЛТЕМЕ ЖАСАЙ ОТЫРЫП,
аймақтық және халықаралық, сауда үшін және теңіз жолы жоқ

мемлекеттердің экономикалық дамуы үшін барабар транзиттік-көліктік уағдаластықтардың зор маңызын ТАНИ ОТЫРЫП;

Уағдаласушы Тараптар арасында жүктердің, жолаушылардың және теңдеме жүктің үзіліссіз, жылдам және тиімді қозғалысына ықпал етуге өздерінің адалдығын РАСТАЙ ОТЫРЫП, төмендегілер туралы келісті:

I БӨЛІМ

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап

Анықтамалар

Осы Келісімнің мақсатында:

- a) "теңіз жолы жоқ мемлекет" теңіз жағалауы жоқ мемлекетті білдіреді;
- b) "транзиттік мемлекет" аумағы арқылы транзиттік тасымал жүзеге асырылатын, теңіз жолы бар немесе жоқ мемлекетті білдіреді;
- c) "транзиттік тасымал" адамдарды, теңдеме жүкті, жүктерді және көлік құралдарын бір немесе одан да көп Уағдаласушы тараптардың аумағы арқылы келісілген бағыттар бойынша өткізуді білдіреді, мұндай аумақты жүкті қайта тиесп немесе қайта тиестен, қоймаға жинамастан, қайта жасақтамастан кесіп өту немесе көліктің бір түрінен басқа

түріне беру Уағдаласушы тараптың аумағында басталатын немесе аяқталатын бүкіл жолдың бір бөлігі ғана болып табылады;

d) "рұқсат" екінші Уағдаласушы тарапта тіркелген автокөлік құралының сол Уағдаласушы тараптың аумағына кіруін-шығуын немесе транзитпен өтуіне құқық/мүмкіндік беретін Уағдаласушы тараптардың бірінің құзыретті органы берген құжат.

e) "ішкі тасымал" жүктерді немесе жолаушыларды тиеу Уағдаласушы тарап аумағының бір жерінде, ал түсіру сол Уағдаласушы тарап аумағының екінші бір жерінде жүргізілетін тасымалды білдіреді;

f) "көліктік құрал" контейнерлер мен басқа да көліктік жабдықтарды қоса алғанда жүктерді, жолаушыларды және теңдеме жүкті, тасымалдау үшін пайдаланылатын кез-келген құралды білдіреді;

g) "тасымалдаушы" өзінің немесе оның атынан жүк жөнелтушімен/жүк қабылдаушымен немесе жолаушымен жүктерді немесе жолаушылар мен теңдеме жүкті тасымалдауға шарт жасасқан жүктерді, жолаушыларды және теңдеме жүкті халықаралық тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсаты бар кез-келген заңды немесе жеке тұлғаны білдіреді;

h) "жүк жөнелтуші" өзі немесе оның атынан не ол арқылы тасымалдаушымен жүктерді тасымалдау шартын жасасқан кез келген тұлғаны немесе жүкті тасымалдау шартына байланысты өзі немесе оның атынан жүкті тасымалдаушыға іс жүзінде тапсыратын кез келген тұлғаны білдіреді;

i) "экспедитор" жүк жөнелтушімен көліктік-экспедиторлық қызмет көрсетуді ұсынуға шарт жасасқан заңды немесе жеке тұлғаны білдіреді;

j) "жүк қабылдаушы" жүк қабылдауға уәкілеттік берілген заңды немесе жеке тұлғаны білдіреді;

k) "көліктік-экспедиторлық қызметтер" жүктерді тасымалдауға, біріктіруге, қоймаға жинауға, қайта тиеуге, қаптауға немесе үлестіруге қатысты қызмет көрсетулердің кез-келген түрін, сондай-ақ осыған байланысты көмекші және консультативтік қызметтерді, кедендік және қаржылық мәселелерді қоса алғанда, бірақ шектелмей, тауарларды ресми мәлімдеуді, жүктердің сақтандырылуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ төлемдерді алуды немесе оларды қамтамасыз етуді және құжаттарды ресімдеуді білдіреді;

l) "жүк" жануарларды қоса алғанда, жүктер мен тауарлардың барлық түрлерін білдіреді. Егер жүктер табандықта немесе сол сияқты тасымалдауға арналған құралда контейнерлерге біріктірілсе немесе олар буылып-түйілсе, егер оларды жүк жөнелтуші ұсынса, "жүк" сөзі тасымалдау немесе орап-түюге арналған осы заттардың бәрін білдіреді;

m) "тасымалдау шарты" соның негізінде тасымалдаушы бір Уағдаласушы тараптан екіншіге сыйақы үшін жүкті немесе жолаушыларды және теңдеме жүкті тасымалдауды жүзеге асыруға міндеттенетін кез-келген шартты білдіреді;

п) "жолаушы" оның атынан немесе оның өзімен жасалған тасымалдау шартын орындау үшін сыйақыға немесе тегінге тасымалданатын кез-келген жеке тұлғаны білдіреді;

о) "теңдеме жүк" тасымалдау шарты бойынша тасымалданатын барлық заттарды, соның ішінде көлік құралдарын қамтиды, бірақ коммерциялық тасымалдар үшін пайдаланылатын автобустар мен жүк автомобильдерін қоспайды деп түсінілуі тиіс;

р) "ішкі заңнама" Уағдаласушы тараптың аумағында қолданылып жүрген ұлттық және жергілікті заңдардың және нормативтік-құқықтық актілердің жиынтығын білдіреді;

қ) "кедендік бақылау" кедендік іс туралы ішкі заңнаманы және Уағдаласушы тараптардың халықаралық шарттары бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында Уағдаласушы тараптардың кедендік органдары жүзеге асыратын шаралардың жиынтығын білдіреді, олардың орындалуын бақылау кедендік органдарға жүктеледі;

ғ) "әкелім баждары, салықтар мен алымдар" жүктерді әкелу кезінде немесе соған байланысты ішкі заңнамаға сәйкес алынатын, бірақ көрсетілген қызметтердің құны кірмейтін кедендік баждар мен барлық салықтарды, алымдар мен басқа да сомаларды білдіреді;

с) "контейнер":

i) оған жүктер салуға арналған толық немесе ішінара жабық сыйымдылықты;

ii) тұрақтылық сипаты бар және осыған орай көп мәртелік пайдалануға қызмет ету үшін жеткілікті берік;

iii) жүктерді аралық артық тиеусіз, көліктің бір немесе бірнеше түрлерімен тасымалдауды жеңілдету үшін арнайы құрастырылған;

iv) тез тазалау мүмкіндік болатындай етіп, соның ішінде көліктің бір түрінен екінші түріне қайта тиеу кезінде, арнайы құрастырылған;

v) жеңіл тиеу және түсіру мүмкін болатындай етіп құрастырылған көлік жабдығын білдіреді.

t) "қауіпті жүктер" тасымалдау немесе сақтау және т.с.с. кездерде адамдардың денсаулығына және қоршаған ортаға, мүлік қауіпсіздігіне, тасымалдануына әлуетті елеулі қатер туғызатын жүктерді білдіреді;

u) "Уағдаласушы тарап" осы келісімге қол қоятын және оған қосылатын мемлекеттің үкіметін білдіреді.

2-бап

Мақсаттар мен міндеттер

Транзиттік тасымалдар бойынша Негізгі Келісімнің және оның қосымшаларының негізгі мақсаттары мен міндеттері болып мыналар табылады:

i) Уағдаласушы тараптардың аумағы бойынша жүктердің, жолаушылардың және теңдеме жүктің қозғалысын жеңілдету және осы Келісімнің ережелеріне сәйкес транзиттік көлікті барлық қажетті қолайлылықтармен қамтамасыз ету;

ii) Уағдаласушы тараптардың аумағы арқылы транзиттік тасымалдар

кезінде керексіз кірістерді болдырмау мақсатында жүктердің жолаушылардың және теңдеме жүктің сақталуын қамтамасыз ету;

iii) кедендік қызметтерді алдау және салықтардан жалтару жағдайларын болдырмау үшін Уағдаласушы тараптардың ынтымақтасуы және олардың күш-жігерін үйлестіру, транзиттік тасымалдарға қатысы бар қажетті әкімшілік мәселелерді келісу.

3-бап

Қолдану саласы

Осы Келісімнің ережелері Уағдаласушы тараптардың аумағында басталатын немесе аяқталатын транзиттік тасымалдарға қолданылады.

II БӨЛІМ

ТРАНЗИТ ЕРКІНДІГІ

4-бап

Транзитті жеңілдету

Әрбір Уағдаласушы тарап екінші Уағдаласушы тарапқа өз аумағы бойынша транзит үшін осы Келісімде және оның Қосымшаларында белгіленген шарттарда қажетті қолайлылықтарды ұсынады.

5-бап

Кедендік баждар, салықтар және басқа баждар мен алымдар

Автокөлікпен тасымалданатын транзиттік тасымалдар елдің ішкі заңнамасына сәйкес нақты қызметтер көрсету үшін алынатын алымдарды қоспағанда, ақылы автомагистральдарда жүру төлемін, автожолды ұстау үшін төлемді қоса алғанда кедендік баждардан, салықтардан және басқа алымдардан босатылады.

III БӨЛІМ

ТРАНЗИТТІК-КӨЛІКТІК БАҒЫТТАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

6-бап

Автожол, темір жол және ішкі су жолдары бағыттарының қызметі мен техникалық сипаттамалары

1. Уағдаласушы тараптар 1-Қосымшада көрсетілген, әр Уағдаласушы тараппен нұсқалған автожол, темір жол және транзиттік ішкі су бағыттарын қабылдайды.
2. Қосымша бағыттарды, сондай-ақ олардың техникалық сипаттамаларын Транзиттік-Көліктік Үйлестіру Кеңесі (ТКҮК) кезең-кезеңмен ұсынатын болады.
3. Нұсқалған транзиттік бағыттар бойынша автожолдарды, темір жолдарды және ішкі су жолдарын салу немесе қайта жаңарту кезінде II және III қосымшаларда атап өтілген ең төмен сипаттамалар назарға алынатын болады.

7-бап

Құрамдастырылған және мультимодальды тасымалдар

1. Уағдаласушы тараптар құрамдастырылған және мультимодальды тасымалдардың дамуын қолдайды және жәрдемдеседі.
2. Құрамдастырылған және мультимодальды тасымалдарды орындау жөніндегі операциялар халықаралық танылған құжаттар мен рәсімдерге негізделуі тиіс.

8-бап

Қызмет көрсетудің шекаралық құралдары

Уағдаласушы тараптар автомобиль мен темір жол тасымалдары және ішкі су жолдары бойынша кеме қатынасы үшін, сондай-ақ мультимодальдық тасымалдар үшін

қажетті көліктің әр түрлерімен пайдаланылатын құрамдастырылған терминалдар, шекаралық өткелдер пункттері, темір жол табанының бір енінің қос дөңгелегін екіншісіне ауыстыру, паромдық өткелдер, порттар, навигациялық құралдар және жалпы қабылданған радиожіліктер сияқты барабар қолайлылықтарды және тиісті қондырғыларды қамтамасыз етеді.

9-бап

Транзиттік жүктердің тазартылуын жеделдету жөніндегі шаралар

1. Уағдаласушы тараптар транзиттік жүктердің үзіліссіз және жылдам қозғалуын қамтамасыз ету үшін:

а) шектес және көліктік құралдар мен жүктердің қаралуы бір жерде жүргізілуге, сөйтіп қайта түсіру және тиеу қажеттілігінің алдын алатындай болып орналасуы тиіс тағайындалған шекаралық өткелдерде бақылау аймағы бар посттарды орнатуға;

б) шекаралық нысаншылдықтарды жылдам ресімдеу үшін қажетті адами ресурстардың бар болуын қамтамасыз етуге;

с) жүктерді сақтау үшін қоймалық алаңдарды қамтамасыз етуге;

д) шектес шекаралық посттардың жұмыс сағаттарын үйлестіруге;

е) жүктердің тазартылуын күтіп тұрған контейнерлер, жүк автомобильдері және басқа да көлік құралдары үшін барабар алаңдарды қамтамасыз етуге;

ф) сенімді почталық және телекоммуникациялық қызмет көрсетулерді қамтамасыз етуге;

г) Уағдаласушы тараптар арасында жүктердің жылдам және тиімді транзитін қамтамасыз етуге және тауар-көлік жүк құжаттарының бірыңғай нысанын қабылдауға күш-жігерін салады.

10-бап

Транзиттік тасымалдардың қауіпсіздігі

1. Уағдаласушы тараптар транзиттік бағыттар бойынша тасымалдау кезінде қозғалыс қауіпсіздігін, жүктің және қоршаған ортаның сақталуын қамтамасыз етуге қажетті барлық шараларды қабылдайды.

2. Уағдаласушы тараптар олардың аумағында жүктердің транзиттік тасымалын

орындайтын көлік құралдарының апатына әкелген жол-көлік оқиғалары жағдайында, әсіресе бұл жолаушыларға, қауіпті жүктер мен тез бүлінетін тағамдарға байланысты болған жағдайларда мүмкін болған барлық көмекті қамтамасыз етеді.

11-бап

Кеңселерді ашу

1. Уағдаласушы тараптар транзиттік тасымалдармен айналысатын көлік компанияларына осындай тасымалдарды орындау мақсаттары үшін өзінің аумағында кеңселер ашуға рұқсат беретін болады.

2. Осындай кеңселерді ашу Уағдаласушы тараптардың ішкі заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылады.

12-бап

Көп мәртелік кіру және транзиттік визалар

1. Уағдаласушы тараптар автокөлік құралдарының жүргізушілеріне және транзиттік тасымал бойынша операциялармен айналысатын және визалық талаптар аясына жататын тұлғаларға әрбір Уағдаласушы тараптың аумағында әрбір кірген сайын транзит үшін 15 күн бойы болу және бұған қоса, тиеу мен түсіру орнында 5 күнге дейін болу құқығымен бір жылға көп мәртелік кіру және транзиттік визалар беруі тиіс.

2. Қызметшілердің сырқаты немесе денесіне зақым келуі, көлік құралының оқиғасы немесе сынып қалуы жағдайында виза мерзімі тиісінше ұзартылады.

3. 1 және 2-тармақтарда айтылған визаларды беру рәсімі Уағдаласушы тараптардың ішкі заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.

IV БӨЛІМ

ТЕҢІЗ ПОРТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖАБДЫҚТАРЫ

13-бап

Теңіз порттары және олардың жабдықтары

Теңіз порттары бар Уағдаласушы тараптар өз мүмкіндіктерінің шегінде шетелдік кемелерге, басқа Уағдаласушы тараптарға шетелдік кемелер үшін ашық порттарда қажетті порттық қуаттарды, басқа шетелдік пайдаланушылар төлейтін, белгіленген тарифтерден аспайтын шарттарда және бағалар бойынша ұсынуға міндеттенеді.

V БӨЛІМ

АВТОЖОЛ ТАСЫМАЛДАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ

14-бап

Қозғалысты реттеу

1. Уағдаласушы тараптар олардың елдерінің аумақтарында қолданылатын жол қозғалысының ережелері өзінің маңызды бөлігінде Жол қозғалысы туралы конвенцияның (1968 жыл) және Жол белгілері мен дабылдары туралы конвенцияның (1968 жыл) ережелеріне сәйкес болуы үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

2. Осы Конвенциялардың қатысушылары болып табылмайтын Уағдаласушы тараптар оларға қосылу үшін қажетті қадамдар жасайды.

15-бап

Автожол тасымалына арналған рұқсаттар

1. Егер автожол тасымалының бар болуы жүктерді, жолаушыларды және теңдеме жүкті транзиттік тасымалдаудың шарты болып табылса, онда осындай рұқсаттар ішкі заңнамаға сәйкес берілетін болады.

2. Уағдаласушы тараптар жүктерді, жолаушыларды және теңдеме жүкті қандай да болмасын шектеусіз және квотасыз автомобильмен тасымалдауға арналған рұқсаттарды беру үшін қажетті талаптарды үйлестіретін және жеңілдететін болады.

16-бап

Көліктік қызмет көрсетулер

1. Әрбір Уағдаласушы тарап екінші Уағдаласушы тарапта тіркелген көлік құралдарына өзінің аумағында транзиттік тасымалға қызмет көрсетулер ұсынуға рұқсат етеді.

2. Мүдделі Уағдаласушы тараптан арнайы рұқсат болмаған жағдайда бір Уағдаласушы тарапта тіркелген көліктік құралдары екінші Уағдаласушы тараптың аумағында жүктердің, теңдеме жүктің және жолаушылардың ішкі тасымалы үшін пайдаланыла алмайды.

17-бап

Көлік құралдарын уақытша әкелу

1. Әрбір Уағдаласушы тарап екінші Уағдаласушы тараптың көлік құралдарына өзінің аумағында ішкі заңнамаға сәйкес болуға рұқсат етеді.

2. Тасымалдаушы Уағдаласушы тараптардың кез-келгенінің шекарасынан өткен кезде, осы Келісімге сәйкес берілген рұқсаты бар болған жағдайда "карнет де пассаж" немесе басқа кепілдік құжат ұсынуға міндетті емес.

18-бап

Көлік құралдарына техникалық талаптар

Автомобиль транзиттік тасымалдары үшін пайдаланылатын көлік құралдары автомобиль көлемдеріне, олардың жүкпен бірге шекті салмағына, білікке түсетін жүктемесіне және IV-қосымшада баяндалған басқа да параметрлеріне қатысты техникалық талаптарға сәйкес болуы тиіс.

19-бап

Отын және жағармай заттарын беру

Әрбір Уағдаласушы тарап екінші Уағдаласушы тарап көлік құралдарының оның аумағындағы жұмысы үшін қажетті отын және жағармай заттарын, Уағдаласушы тараптар белгілеген шарттарда алуға құқығы бар екендігімен келіседі.

20-бап

Жүргізуші куәліктерін өзара тану

Уағдаласушы тараптар екінші Уағдаласушы тараптар берген, транзиттік тасымалдар үшін пайдаланылатын және Жол қозғалысы туралы конвенцияға (1968 жыл) сәйкес болуы тиіс көлік құралдарының санаттары үшін жарамды жүргізуші куәліктерін таниды .

21-бап

Көлік құралдарының техникалық жағдайы туралы куәліктерді өзара т а н у

Уағдаласушы тараптар екінші Уағдаласушы тараптар берген және Жол қозғалысы туралы конвенцияға (1968 жыл) сәйкес болуы тиіс көлік құралдарының техникалық жағдайы туралы куәліктерді таниды. Уағдаласушы тараптар өздерінің көлік

құралдарына тұрақты техникалық қарауды жүргізуге міндеттенеді.

22-бап

Үшінші тұлға алдындағы жауапкершілікке қатысты автокөлік құралдарын сақтандырудың сызбасы

1. Уағдаласушы тараптар транзиттік тасымалдар барысында туындайтын, үшінші тұлға алдындағы жауапкершілікті жабу үшін өздерінің автокөлік құралдарын сақтандыру жөнінде қажетті қадамдар жасайды.

2. Уағдаласушы тараптар V-қосымшада белгіленгенге сәйкес үшінші тұлғалар алдындағы жауапкершілікке қатысты автокөлік құралдарын міндетті сақтандырудың халықаралық сызбасын жасауға міндеттенеді.

3. Үшінші тұлғалар алдындағы жауапкершілікке қатысты автокөлік құралдарын міндетті сақтандырудың халықаралық сызбасы, транзит елінде немесе елдерінде және тағайындау орнында үшінші тұлғалар алдындағы жауапкершілікке қатысты, кем дегенде автокөлік құралдарын міндетті түрде сақтандыруды реттейтін заңдар мен ережелер бойынша қажетті барлық кепілдіктерді ұсынуға тиісті.

23-бап

Алымдар және басқа да төлемдер

Уағдаласушы тараптар басқа Уағдаласушы тараптардың көлік құралдарына қатысты алымдарды және басқа да төлемдерді ішкі заңнамаға сәйкес қолданады.

VI БӨЛІМ

ТЕМІР ЖОЛ КӨЛІГІМЕН ТАСЫМАЛДАУДЫҢ
ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ

24-бап

Транзиттік тасымалдар

1. Уағдаласушы тараптардың аумақтарын байланыстыратын темір жолдар бойынша транзиттік тасымалдар, Уағдаласушы тараптардың шекаралас темір жол әкімшіліктерімен жасасқан шарттарда белгіленген халықаралық тарату станциялары арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

2. Шекаралық станциялар және ауыстыру станциялары 1-қосымшада келтірілген. Тарату станцияларында жылжымалы құрамның техникалық және коммерциялық қарауы сияқты негізгі технологиялық операциялар жүзеге асырылады.

3. Уағдаласушы тараптар өздерінің темір жол әкімшіліктеріне темір жолдар арасындағы келісімдерді жасасуға және осы Келісімнің және оған Қосымшалардың тиісті ережелеріне сәйкес шараларды жүргізуге көмек көрсетеді.

4. Уағдаласушы тараптар ТЖЫҰ, RIV, RIC және ППВ Темір жолдар арасындағы ынтымақтастық ұйымдарының базалық құжаттарын ескере отырып, вагондарды пайдалану ережелерін әзірлейді.

5. Уағдаласушы тараптар жолаушылар мен жүктердің халықаралық темір жол тасымалдары үшін ережелер мен рәсімдерді Халықаралық жолаушылар тасымалы туралы келісімнің (ХЖТК), сондай-ақ ТЖЫҰ және UIC шеңберінде жасасқан Халықаралық жүктер тасымалы туралы келісімнің (ХЖүкТК), COTIF/CIM, CIV ережелерін ескере отырып әзірлейді.

VII БӨЛІМ

ІШКІ СУ КӨЛІГІМЕН ТАСЫМАЛДАУДЫҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ

25-бап

Ішкі су көлігі

1. Уағдаласушы тараптар ішкі су жолдары бойынша кеме қатынасы Уағдаласушы

тараптардың кемелері және экипаждары үшін олардың ішкі заңнамасына сәйкес транзиттік тасымалдары үшін еркін және ашық болуы тиіс екендігіне өз келісімін б і л д і р е д і .

2. Уағдаласушы тараптар Халықаралық Электрбайланыс Одағының ережелеріне сәйкес ішкі су жолдарында жүзетін барлық кемелерге барабар навигациялық құралдар ұсынуға және бірыңғай радиожиіліктерді қабылдауға өзіне міндеттеме алады.

3. Навигациялық құралдар, радиожиіліктер және қызмет көрсетудің басқа да құралдары кемсітпеушілік негізде ұсынылуы тиіс, ал оларды пайдаланғандығы үшін ақы, егер осындай болса, ішкі заңдарға сәйкес алынады.

26-бап

Кеме құжаттары

Транзиттік тасымалдармен айналысатын кемелердің бортында Халықаралық теңіз тасымалдарын жеңілдету жөніндегі конвенцияға сәйкес Уағдаласушы тараптардың құзыретті органдарының кез-келген талабы бойынша көрсетілуі керек құжаттар болуы т и і с .

VIII БӨЛІМ

АВТОМОБИЛЬ КӨЛІГІМЕН ТАСЫМАЛДАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

27-бап

Жүктерді автомобиль көлігімен тасымалдау ережелері

Уағдаласушы тараптар жүктерді, жолаушыларды және теңдеме жүкті автомобильмен тасымалдау ережелерін VI-қосымшаға сәйкес қолданады.

IX БӨЛІМ

КЕДЕНДІК БАҚЫЛАУ

28-бап

Кедендік транзиттік жүйені құру

1. Уағдаласушы тараптар өз аумақтары бойынша жүктердің қозғалысын жеңілдету мақсатында халықаралық кедендік конвенцияларға сәйкес жүктер мен көлік құралдары үшін кедендік транзиттік жүйені құрады.

2. 1975 жылғы МДП кітапшасын қолдана отырып Жүктерді халықаралық тасымалдау туралы конвенцияға қатысушы болып табылатын Уағдаласушы тараптар осы Конвенцияның ережелерін өзара қолданатын болады. Осы Конвенцияның тараптары болып табылмайтын Уағдаласушы тараптар бұл Конвенцияның ережелерін ұ с т а н б а у ы м ү м к і н .

3. Осы Конвенцияның тараптары болып табылмайтын Уағдаласушы тараптар, оған өзінің қосылу мүмкіндігін қарастырады.

29-бап

Кедендік рәсімдерді жеңілдету және үйлестіру

Уағдаласушы тараптар VII-қосымшаның ережелеріне сәйкес олардың аумақтары бойынша транзитпен өтетін көлік құралдарының, жолаушылардың және теңдеме жүктің кедендік бақылауын жеңілдету жөнінде шаралар қабылдайтын болады.

X БӨЛІМ

ҚҰЖАТТАМА ЖӘНЕ РӘСІМДЕР

30-бап

Құжаттарды шоғырландыру және келістіру

1. Уағдаласушы тараптар құжаттама мен рәсімдер транзиттік операциялардың тиімділігінде әсер ететін қаржылық және уақытша шығыстардың маңызды элементтері болып табылатынын мойындайды және мұндай шығыстар мен кідіртулерді ең аз мөлшерге келтіруге келісім білдіреді.

2. Сондықтан да Уағдаласушы тараптар:

a) құжаттар санын шектеуді және транзиттік тасымалдар үшін қажетті рәсімдер мен нысандылықтарды мүмкіндігінше қысқартуға;

b) өзінің құжаттамасын Біріккен Ұлттар Ұйымының сауда құжаттамасына арналған үлгі-формулярмен сәйкестікке келтіруге;

c) мүмкіндігінше, тауарлық кодтар мен сипаттамаларды халықаралық саудада жалпы қабылданғандармен үйлестіруге;

d) транзиттік тасымалдарда қолданылуға нұсқалған барлық құжаттар мен рәсімдердің қажеттілігі мен пайдалылығын мезгіл-мезгіл қайта қарап отыруды және

e) келісілген түрде артық деп есептелетін және қандай да болмасын арнайы мақсатқа жауап бермейтін нысандылықтарға қатысты кез-келген құжаттар мен талаптарды жоюға міндеттенеді.

31-бап

Құжаттамадағы және рәсімдердегі өзгерістер туралы хабарлама

Уағдаласушы тараптар басқа Уағдаласушы тараптарды транзиттік тасымалдар үшін енгізілетін нұсқалған құжаттар мен рәсімдердегі кез-келген қосымша талаптар немесе өзгерістер туралы алдын ала мәлімдеуге міндетті.

32-бап

Негізгі құжаттама және рәсімдер

Осы Келісімді орындау үшін Уағдаласушы тараптар қолданатын негізгі құжаттар мен рәсімдер VII-Қосымшада анықталған.

ХІ БӨЛІМ

БАСҚА ДА ЕРЕЖЕЛЕР

33-бап

Үлкен жеңілдіктерді ұсыну

Осы Келісім жеңілдіктер ұсынылатын шарттар мен ережелер осы Келісімде іске асырылған қағидаттарға жауап берген жағдайда, осы Келісімде көзделгеннен асып түсетін транзит кезіндегі жеңілдіктерді алып тастауға ешбір түрде әкелмейді.

34-бап

Ішкі заңнама

1. Ішкі заңнама және осы Келісіммен және оның Қосымшаларымен реттелмеген бөлігіндегі көлікке қатысты ережелер тең дәрежеде және транзиттік тасымалдарға кемсітушіліксіз қолданылады.

2. Уағдаласушы тараптар транзиттік тасымалдарға қатысты өздерінің тәртіптері, ережелерін және әкімшілік рәсімдерін осы Келісімнің ережелеріне сәйкес үйлестіруге және жеңілдетуге міндеттенеді.

35-бап

Халықаралық конвенциялар

Осы Келісім, дау кәсіпкерлік қызмет жүргізетін негізгі орны осындай конвенцияларға қатысушы мемлекеттерде орналасқан тасымалдау шарты тараптарының арасында ғана туындайтын жағдайда, осы Келісімде көтерілетін мәселелерге қатысты халықаралық конвенциялардың міндетті ережелерін қолдануға к е д е р г і ж а с а м а й д ы .

36-бап

Мониторинг және Келісімнің ережелерін орындау

1. Уағдаласушы тараптар мониторинг және осы Келісімнің ережелерін орындау үшін осы Келісім күшіне енген күннен бастап алты ай ішінде транзиттік тасымалдарды үйлестіру жөнінде "Транзиттік-көліктік үйлестіру кеңесі" (ТКҮК) атты орган құруға к е л і с т і .

2. Осы Кеңестің мәселелері ол туралы ережені, құрамын, өкілеттіктерін, бюджетті қалыптастыру көздерін қоса алғанда VIII-қосымшада келтірілген.

37-бап

Дауларды реттеу

1. Осы Келісімнен және оның Қосымшаларынан немесе соларға байланысты туындайтын Уағдаласушы тараптар арасындағы барлық дауларды, қайшылықтар мен талаптарды және барлық бұзушылықтарды, тараптар арасындағы консультациялар арқылы реттеуге келмейтін іс-қимылды тоқтатуларды немесе жарамсыздықты дауға түскен Уағдаласушы тараптардың кез-келгені ТКҮК-ке бере алады.

2. Консультациялар арқылы немесе ТКҮК бітістіруімен шешілмеген дауларды, қайшылықтарды немесе талаптарды реттеу оларға тартылған Уағдаласушы

тараптардың кез-келгенінің өтініші бойынша төрелік арқылы жүзеге асырылады және тиісінше Уағдаласушы тараптардың келісімімен таңдап алынған төрешілердің қ а р а у ы н а б е р і л е д і .

3. Егер дауласып отырған Уағдаласушы тараптардың қайсы бір болмасын осы баптың төрелік рәсіміне жүгіне алмаса немесе егер ТКҮК төрешілерді тағайындау туралы келісімге келе алмаса, осы Уағдаласушы тараптардың кез-келгені Халықаралық экономикалық соттың президентіне Уағдаласушы тараптардың ешқайсысының да азаматтары болып табылмайтын және Біріккен Ұлттар Ұйымы Комиссиясының 1976 жылғы халықаралық сауда құқығы бойынша (ЮНСИТРАЛ) төрелік ережелеріне сәйкес шешім шығаруы үшін дау оларға берілуі тиіс төрешілерді тағайындауды сұрай алады.

38-бап

Төрешілердің шешімі

38-бапқа сәйкес тағайындалған төрешілердің шешімі дауға қатысушы Уағдаласушы тараптар үшін түпкілікті және міндетті болып табылады.

39-бап

Төрешілердің баяндамасы

Төрешілер барлық Уағдаласушы тараптарды даудың болуы мен сипаты және оны реттеудің жалпы жағдайлары туралы хабардар етеді; хабарламалар шешім шығарылғаннан кейін бір айдың ішінде ағылшын және орыс тілдерінде таратылады.

XII БӨЛІМ

ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Депозитарийдің функциялары

Осы Келісім және оған соңғы қол қоюы, бекіту немесе оған қосылу бойынша барлық құжаттар Депозитарийге сақтауға берілуі тиіс. Экономикалық Үнтымақтастық Ұйымының Хатшылығы осы Келісім Депозитарийінің функцияларын атқарады.

1 . Д е п о з и т а р и й :

- a) осы Келісімнің түпнұсқасын қабылдайды және сақтайды;
- b) осы Келісім түпнұсқасының расталған көшірмелерін дайындайды және оларды осы Келісімнің тараптары болуға құқығы бар Тараптарға және мемлекеттерге береді;
- c) осы Келісімге барлық қолдарды алады, онымен байланысты барлық құжаттарды, нотификацияларды және хабарламаларды қабылдайды және сақтайды;
- d) осы Келісімге байланысты барлық қолдардың, құжаттардың, нотификациялар мен хабарлардың тиісті және дұрыс нысанда ұсынылғандығын зерттейді және қажет болғанда бұл мәселеге осы мемлекеттің назарын аударады;
- e) Тараптарды және осы Келісімнің тараптары болуға құқығы бар мемлекеттерді осы Келісімге қатысы бар іс-қимылдар, нотификациялар мен хабарламалар туралы х а б а р д а р е т е д і ;
- f) осы Келісімнің қатысушысы болуға құқығы бар мемлекеттерді осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті қолдардың, бекіту, қабылдау, мақұлдау немесе қосылу туралы құжаттардың сақталуға қашан алынғандығы туралы хабардар етеді;
- g) осы Келісімге қатысушы мемлекеттерді Келісімге қол қоюлар, бекітулер және оған басқа мемлекеттердің қосылуы туралы хабардар етеді;
- h) осы Келісімге қатысушы мемлекеттерді осы Келісімге түзетулердің күшіне енгені туралы х а б а р д а р е т е д і ;
- i) осы Келісімді Біріккен Ұлттар Ұйымының хатшылығында тіркейді.

2. Мемлекет пен Депозитарийдің арасында, соңғының өз функцияларын орындау мәселесі бойынша қандай да болмасын келіспеушілік туындаған жағдайда Депозитарий немесе осы мемлекет мәселені қол қойған мемлекеттердің және Уағдаласушы тараптардың назарына жеткізеді.

1. ЭКО-ға мүше елдер осы Келісімнің Уағдаласушы тараптары болуға құқығы бар. ЭКО мүшелері болып табылмайтын басқа елдер ЭКО-ға мүше елдердің бірауыздан келісуімен осы Келісімнің Уағдаласушы тараптары бола алады. Мемлекет мынадай жолдар арқылы осы Келісімнің Уағдаласушы тарабы бола алады:

а) оны одан кейін бекіту, қабылдау немесе мақұлдау шартсыз қол қою; немесе

б) оны одан кейін бекіту, қабылдау немесе мақұлдау шартымен қол қою; немесе

с) қ о с ы л у .

2. Осы Келісім күшіне енгеннен кейін 1-тармақта аталған қол қоймаған мемлекеттердің қосылуы үшін ашық болады.

3. Бекіту, қабылдау, мақұлдау және қосылу туралы құжаттар Экономикалық Ұнтымақтастық Ұйымы Хатшылығының сақтауына берілуі тиіс.

42-бап

Түзетулердің жарамдылығы

Осы Келісімге 41-бабының (1) (с) ережелеріне сәйкес қосылған кез-келген мемлекет Келісімге қосылу сәтіне күші бар болған осы Келісімге барлық түзетулерді немесе жаңа Қосымшаларды қабылдаған болып есептеледі.

43-бап

Күшіне енуі

1. Осы Келісім, ең болмағанда біреуі жағалаулық болып табылатын ЭКО-ға мүше алты мемлекет үкіметтері бұдан кейінгі бекіту, қабылдау немесе мақұлдау туралы ескертусіз өздерінің қолдарын қойғаннан немесе бекіту, қабылдау, мақұлдау немесе қосылу туралы құжаттарды Депозитарийге сақтауға бергеннен соң алты айдан кейін кү ш і н е е н е д і .

2. Осы Келісімді бекітетін, қабылдайтын, мақұлдайтын немесе оған қосылатын әрбір мемлекет үшін 1-тармақта көрсетілген күшіне енуі туралы талаптар орындалғаннан кейін, осы Келісім осы мемлекет тиісті құжатты сақтауға бергеннен соң

3 айдан кейін күшіне енеді.

3. Осы Келісімге қосымшалар тиісті Уағдаласушы тараптардың құзыретті органдарымен келісілетін және қабылданатын болады және оны барлық Уағдаласушы тараптар мақұлдаған күннен бастап, бірақ негізгі Келісім күшіне енгеннен кейін күшіне енеді.

44-бап

Қолдану күні

Әрбір Уағдаласушы тарап транзиттік тасымалдарға және соларға байланысты осы Келісім күшіне енген күні немесе одан кейін жасасқан жүктерді, жолаушыларды теңдеме жүкті тасымалдаудың шарттарына осы Келісімнің ережелерін қолданады.

45-бап

Күшін жою

1. Әрбір Уағдаласушы тарап осы Келісім күшіне енген күннен бастап екі жыл өткеннен кейін Депозитарийге жазбаша хабарлама беру арқылы кез келген сәтте осы Келісімнің күшін жою алады.

2. Осы күшін жою Депозитарий хабарламаны алғаннан соң бір жыл өткеннен кейінгі айдың бірінші күнінде күшіне енеді. Егер хабарламада ұзағырақ мерзім көрсетілген болса, күшін жою Депозитарий мұндай хабарламаны алғаннан соң көрсетілген осындай ұзағырақ мерзім өткеннен кейін күшіне енеді.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН оған тиісті түрде уәкілеттік алған төменде қол қоюшы өкілдер көрсетілген күні өз қолдарын қойды.

Алматыда бір мың тоғыз жүз тоқсан сегізінші жылғы мамыр айының тоғызыншы күні ағылшын тілінде бір түпнұсқа данада жасалды.

Ауғанстан Ислам Мемлекетінің _____
Үкіметі үшін
Әзербайжан Республикасының _____
Үкіметі үшін
Иран Ислам Республикасының _____
Үкіметі үшін
Қазақстан Республикасының _____
Үкіметі үшін
Қырғыз Республикасының _____
Үкіметі үшін
Пәкістан Ислам Республикасының _____
Үкіметі үшін
Тәжікстан Республикасының _____
Үкіметі үшін
Түрік Республикасының _____
Үкіметі үшін
Түркіменстан _____
Үкіметі үшін
Өзбекстан Республикасының _____
Үкіметі үшін

ЭКО Хатшылығының ағылшын тілінен биресми аудармасы
No. CCTC/TSM/80566 Тегеран, 1998 жылғы 26 мамыр

Экономикалық Ынтымақтастық Ұйымының (ЭКО) Хатшылығы Тегерандағы мүше елдердің елшіліктеріне өзінің сый-қадірін білдіріп, Алматыда 1998 жылғы 9 мамырда өткен Министрлер Кеңесінің VIII Мәжілісі барысында ЭКО-ға мүше 9 ел қол қойған Транзиттік Тасымалдар жөнінде Негізгі Келісімнің негізгі мәтіннің орыс тіліндегі аудармасының көшірмесін жолдау құрметіне ие болып отыр.

Хатшылық осы мәтінге енгізілген, Транзиттік Тасымалдар жөніндегі

Негізгі Келісім мәтінінің ағылшын нұсқасындағы 4-бетте (t) тармақшасының қалып қойғандығы анықталғанын өкінішпен атап өтеді.

Дегенмен, осы Келісімге мүше елдердің тиісті сарапшылары оларды толық пысықтағаннан кейін мүше елдерге жіберетін қосымшалардың енбегендігін атап өту керек.

Экономикалық Ынтымақтастық Ұйымының (ЭКО) Хатшылығы жағдайды пайдалана отырып, Тегерандағы мүше елдерге өзінің оларға деген жоғары құрметін қайта білдіреді.

Барлық мүше елдерге

ТРАНЗИТТІК ТАСЫМАЛДАР ЖӨНІНДЕГІ
ЭКО НЕГІЗГІ КЕЛІСІМІНЕ ҚОСЫМШАЛАР
МӘТІНДЕРІНЕ ҚОЛ ҚОЮ ТУРАЛЫ
ХАТТАМА

Уағдаласушы Тараптар Транзиттік тасымалдар жөніндегі негізгі келісімге қол қойғаннан кейін мынадай Қосымшаларды қабылдады:

I ҚОСЫМША Нұсқалған автожол, теміржол және ішкі су транзиттік бағыттары.

II ҚОСЫМША Транзиттік қатынастар үшін пайдаланылатын автожолдардың (ең төмен) техникалық сипаттамалары.

III ҚОСЫМША Транзиттік қатынастар үшін пайдаланылатын темір жол көлігі жөніндегі (ең төмен) техникалық сипаттамалар.

IV ҚОСЫМША Автожол көлік құралдарына қойылатын техникалық талаптар.

V ҚОСЫМША Үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық жауапкершілікке қатысты автокөлік құралдарын сақтандыру.

VI ҚОСЫМША Автомобиль көлігімен тасымалдау ережесі

VII ҚОСЫМША Кедендік бақылау туралы ереже

VIII ҚОСЫМША Транзиттік-көліктік үйлестіру кеңесі (ТКУК) туралы ереже

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ үшін, оған тиісті түрде өз мемлекеттерінің

үкіметтері уәкілеттік берген төменде қол қойған өкілдер осы Хаттамаға қолдарын қойды:

Ауғанстан Ислам Мемлекетінің Үкіметі үшін

.....

Әзербайжан Республикасының Үкіметі үшін

.....

Иран Ислам Республикасының Үкіметі үшін

.....

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін

.....

Қырғыз Республикасының Үкіметі үшін

.....

Пакистан Ислам Республикасының Үкіметі үшін

.....

Тәжікстан Республикасының Үкіметі үшін

.....
Түрік Республикасының Үкіметі үшін
.....

Түркіменстанның Үкіметі үшін
.....

Өзбекстан Республикасының Үкіметі үшін
.....

I қосымша

Карта/сызбалар және Уағдаласушы тараптардың аумағындағы
нұсқалған автожол, теміржол және ішкі су транзиттік
бағыттары

(Транзиттік тасымалдар жөніндегі негізгі келісімнің Уағдаласушы
тараптары ұсынады және ЭКО жоғарғы органдарының бекітуіне жатпайды)

I БӨЛІМ

НҰСҚАЛҒАН АВТОЖОЛ ТРАНЗИТТІК БАҒЫТТАРЫ

Әрбір Уағдаласушы тарап оның аумағында нұсқаған автожол транзиттік бағыттары
қазіргі халықаралық (немесе ұлттық) нөмірлеуге сәйкес төменде келтіріледі.

Әрбір бағытта шекаралық өту пункттері (кіру/кету), олардың атаулары, сондай-ақ
жүру жолындағы басты аудандық және облыстық қалалардың атаулары мен олардың
арасындағы қашықтықтар көрсетіледі.

II БӨЛІМ

НҰСҚАЛҒАН ТЕМІР ЖОЛ ТРАНЗИТТІК БАҒЫТТАРЫ

Әрбір Уағдаласушы тарап оның аумағында нұсқаған темір жол транзиттік
бағыттары, негізінен, Темір жолдар ынтымақтастығы ұйымының (ТЖЫҰ)
шеңберінде жасалған Еуропа-Азия қатынасындағы құрамдастырылған
тасымалдардың ұйымдастыру және пайдалану аспектілері туралы келісімге
негізделеді.

Бағыттардың белгіленуі:

а) Әріптік белгілер

АСЕ - АГС, АГТС және ТЖЫҰ Келісіміне енгізілген бағыттар

АС - АГТС және ТЖЫҰ Келісіміне енгізілген бағыттар

А - тек ТЖЫҰ Келісіміне енгізілген бағыттар

б) Сандық белгілер

- негізгі бағыттар екі санмен белгіленген;

- негізгі бағыттан тараған тармақтар үш санмен немесе бөлшек арқылы белгіленген.

III БӨЛІМ

НҰСҚАЛҒАН ІШКІ СУ ТРАНЗИТТІК БАҒЫТТАРЫ

I. К а с п и й т е ң і з і н д е :

1. Ақтау (Қазақстан) - Баку (Әзербайжан)
2. Ақтау (Қазақстан) - Махачкала (Ресей)
3. Ақтау (Қазақстан) - Нека (Иран)
4. Ақтау (Қазақстан) - Ноушахр (Иран)
5. Ақтау (Қазақстан) - Амирабад (Иран, пайдалануға берілгеннен

кейін)

6. Ақтау (Қазақстан) - Астрахань (Ресей)
7. Баку (Әзербайжан) - Астрахань (Ресей)
8. Баку (Әзербайжан) - Махачкала (Ресей)
9. Баку (Әзербайжан) - Нека (Иран)
10. Баку (Әзербайжан) - Энзели (Иран)
11. Баку (Әзербайжан) - Ноушахр (Иран)
12. Баку (Әзербайжан) - Түркіменбаши (Түркіменстан)
13. Нека (Иран) - Түркіменбаши (Түркіменстан)
14. Ноушахр (Иран) - Астрахань (Ресей)
15. Ноушахр (Иран) - Махачкала (Ресей)
16. Ноушахр (Иран) - Түркіменбаши (Түркіменстан)
17. Түркіменбаши (Түркіменстан) - Астрахань (Ресей)
18. Түркіменбаши (Түркіменстан) - Махачкала (Ресей)
19. Түркіменбаши (Түркіменстан) - Энзели (Иран)

20. Энзели (Иран) - Астрахань (Ресей)

21. Энзели (Иран) - Махачкала (Ресей)

22. Энзели (Иран) - Ақтау (Қазақстан)

II. Өзендер мен арналар:

1. Ертіс өзені бойындағы кеме қатынасы бағыттары:

Өскемен - Семей - Павлодар (Қазақстан) - Омбы (Ресей) - Тобыл -
Ханты-Мансийск - Салехард - Кар теңізі.

2. Пяндж және Амудария өзендері бойынша кеме қатынасы бағыттары:

Бендер Шерхан (Ауғанстан) - Төменгі Пяндж (Тәжікстан) Термез
(Өзбекстан) - Мукры (Түркіменстан).

II қосымша

ТРАНЗИТТІК ҚАТЫНАСТАР ҮШІН ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН АВТОЖОЛДАРДЫҢ (ЕҢ ТӨМЕНГІ) ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Транзиттік қатынастар үшін пайдаланылатын автожолдардың бірыңғай (немесе толық үйлестірілген) техникалық сипаттамалары Уағдаласушы тараптардың аумағы арқылы өтетін халықаралық бағыттар бойынша автокөлік құралының кедергісіз жүруі, жүргізушілер құрамы мен жолаушыларға қауіпсіздік пен қолайлылықтарды қамтамасыз ету үшін қажет. Осы Келісімнің мақсаттары үшін төмендегі ережелер белгіленеді.

1-бап

1. Уағдаласушы тараптар осы Қосымшаның мақсаттары үшін Халықаралық автомагистральдар туралы Еуропалық келісімнің (AGR 1975 жыл), II және III қосымшаларының ережелерін 1989 жылғы 24 маусымда күшіне енген оған жасалған түзетулерді ескере отырып, қолданатын болады. Осы Қосымшалардың атаулары:

- Халықаралық автомагистральдар жауап беруі тиіс (II-қосымша ECE/T S/16/
A M E N D . 2) .

- E санатындағы жолдарды бірегейлендіру және белгілеу (III-қосымша, ECE/TRANS
/ 1 6 / A M E N D . 2) .

2. Жоғарыда аталған Келісімге қосылмаған елдер оған өзінің қосылу мүмкіндігін қарай алады немесе халықаралық транзиттік тасымалдар үшін нұсқалған автомобиль жолдарына қатысты AGR-да (1975 ж.) және осы Келісімге жоғарыда аталған

Қосымшаларда көзделген ұқсас немесе қайшы келмейтін техникалық сипаттамаларды қ о л д а н а т ы н б о л а д ы .

2-бап

Жаңа халықаралық автомагистральдарды салуда және бар желілерді жаңғыртуда Уағдаласушы тараптардың тиісті өкімет орындары 1998 жылғы Транзиттік тасымалдар жөніндегі негізгі келісімнің IV қосымшасының (Автожол көлік құралдарына қойылатын техникалық талаптар) 4 және 5-баптарында көрсетілген автокөлік құралдарының өлшемдеріне, білігіне түсетін жүктемесіне және жалпы салмағына қатысты тасымалдаушылардың мүдделеріне жауап беретін жағдайлар жасауға т а л п ы н а т ы н б о л а д ы .

3-бап

Уағдаласушы тараптар олардың аумағы арқылы өтетін халықаралық бағыттар бойынша автокөлік құралдарының кедергісіз қозғалысына жәрдемдесу үшін Транзиттік-көліктік үйлестіру кеңесі (ТКҮК) арқылы автожолдардың басқа да техникалық сипаттамаларын келісе алады.

III қосымша

ТРАНЗИТТІК ҚАТЫНАСТАР ҮШІН ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ТЕМІР ЖОЛ КӨЛІГІ ЖӨНІНДЕГІ (ЕҢ ТӨМЕНГІ) ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Темір жол көлігі жөнінде төменде келтірілетін техникалық сипаттамалар 1997 жылы Темір жолдар ынтымақтастығы ұйымының (ТЖЫҰ) шегінде жасалған және Еуропа-Азия қатынасындағы құрамдастырылған тасымалдардың ұйымдастыру және пайдалану аспектілері туралы келісімге негізделген және олар 1991 жылғы 1 ақпандағы Халықаралық құрамдастырылған тасымалдардың аса маңызды желілері және тиісті

объектілер туралы Еуропалық келісімнің (AGTC) (ECE/T S/88) ережелерімен келісіледі

**ТРАНЗИТТІК ЖӘНЕ ҚҰРАМДАСТЫРЫЛҒАН
(МУЛЬТИМОДАЛЬДЫҚ) ТАСЫМАЛДАР ҮШІН ЗОР
МАҢЫЗЫ БАР ТЕМІР ЖОЛ ЖЕЛІЛЕРІНІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ
С И П А Т Т А М А Л А Р Ы**

Транзиттік және құрамдастырылған (мультимодальдық) тасымалдарға арналған аса маңызды темір жол желілерінің параметрлері төменде келтірілген 1-кестеде көрсетілген. Осы кестенің "А" бағанында көрсетілген берілген мәндерді темір жолдарды дамытудың ұлттық жоспарына сәйкес қол жеткізілуі тиіс маңызды мақсаттар ретінде қарау керек. Осы мәннен кез-келген ауытқуды ерекшелік ретінде қарау керек.

Темір жол желілері екі негізгі санатқа бөлінген:

А) қажет болған жағдайда жаңғыртылуы мүмкін бар желілер, ал егер

олардың жаңғыртылуы немесе бейімделуі қиындықтар туғызса немесе болмайтын болса, онда бұл желілерге қойылатын талаптар жеңілдетілуі тиіс.

В) салынатын жаңа желілер.

А-кестесінде көрсетілген параметрлер, сондай-ақ бұл қай жерде қажет болса, темір жолдар желісінің құрамды бөлігі болып табылатын темір жол паромдарымен тасымалдауда да қолданылады.

1-кесте

Транзиттік және құрамдастырылған (мультимодальдық)
тасымалдар үшін зор маңызы бар
Темір жол желілерінің параметрлері

N р/с	Темір-жол желілерінің санаттары	А		В	
		Параметрлер	бар желілердің	жаңа	желілердің
		қазіргі кезде	болашаққа жоспарланған		
1	Жол табанның мөлшері	1435 мм 1520 мм 1676 мм		1435 мм (1) 1520 мм (1) 1676 мм	

2	Жолдардың саны	1-2	1-2	1-2
3	Тиеу көлемі (статикалық)	ХЖҚК 5-қосымша	ТЖЫҰ/ТЖХО (2) "Б"	ТЖЫҰ/ТЖХО (2) "Ц1"
4	Жолдардың білігі арасындағы ең аз қашықтық	4,0-4,8 м	4,5-4,8 м	4,5-4,8 м
5	Есептік ең аз жылдамдық	40-80 км/сағ	90-120 км/сағ (3)	120 км/сағ (3)
6	Вагонның білігіне мынадай жылдамдықта рұқсат етілген жүктеме:			
	100 км/сағ-қа дейін	17,2-22,5 т	22,5 т	22,5 т
	100 км/сағаттан аса	20 т	20 т	22,5 т
7	Ең көп еңіс	Тағайындалмайды		12,5 мм/м
8	Қабылдау-жөнелту жолдарының ең аз пайдалы ұзындығы	385-850 м	750-850 м	750-850 м

(1) Ұсынымдық сипаты бар

(2) ТЖХО (UIC) - Темір жолдардың халықаралық одағы

(3) Құрамдастырылған тасымалдардың поездары үшін ең аз параметрлер

Кестенің 3-тармағына ескерту:

ХЖҚК 5-қосымшасында көрсетілген тиеу (статикалық) көлемінен ерекшеленетін шектеулері бар темір жолдар бұл туралы Уағдаласушы тараптардың темір жол әкімшіліктерін хабардар етеді.

Кестенің 5-тармағына ескерту:

Темір жолдардың әкімшіліктері жоғарыда келтірілген кестенің 5-тармағында келтірілген мөлшерден ерекшеленетін жылдамдық бойынша уақытша шектеулер енгізуде бұл туралы Уағдаласушы тараптардың тиісті темір жол әкімшіліктерін хабардар етеді.

Жоғарыда келтірілген кестеде бар

кейбір параметрлерге берілетін түсініктер

1. Жолдардың саны

Транзиттік және құрамдастырылған (мультимодальдық) тасымалдардың желілері жеткілікті өткізу қабілетін және қозғалыс кестесін дәл сақтау мүмкіндігін қамтамасыз етуді тиіс.

Шын мәнінде, бұл екі талапты кемінде екі жолы бар желілерде ғана сақтауға болады, алайда бір жолды желілерді де, егер келісімде көрсетілген басқа параметрлер сақталатын болса, пайдалануға рұқсат етіледі.

2. Тиеудің көлемі

Транзиттік және құрамдастырылған тасымалдардың желілері үшін тиеудің ең төмен көлемі 1-суретте көрсетілген.

Жаңа желілерде тиеудің үлкен көлемдерінің қолданылуы, әдетте, өзіне қандай да бір капитал салуды талап етпейді және сондықтан ТЖХО Ц1 көлемі қабылданды.

ТЖХО Ц1 көлемі, атап айтқанда, мыналарға:

а) Автокөлік құралдарын (биіктігі 4 м және ені 2,5 м) тиеудің Еуропалық көлеміне сәйкес болатын жүк автокөлік құралдарын және автопоездарды (тіркемесі бар жүк автомобилі, біріктірілген көлік құралы, тартқыш және жартылай тіркеме) жүктік автокөлік құралдарын және автопоездарды тасымалдауға, оның жүк алаңқайы рельстер деңгейінен кем дегенде 60 см биіктікте болатын арнайы вагондарда тасымалдауға;

б) ені 2,5 м және биіктігі 4 м кәдімгі жартылай автомобиль тіркемелерін қуысы бар және кәдімгі арбалары бар вагондарда тасымалдауға;

с) ені 2,44 м және биіктігі 2,9 м контейнерлерді кәдімгі темір жол платформаларында тасымалдауға;

д) ені 2,5 м алынбалы шанақты кәдімгі темір жол платформаларында тасымалдауға жол береді.

е) ені 2,5 м және биіктігі 2,9 м контейнерлерді/алынбалы шанақтарды тиісті вагондарда тасымалдауға.

Таулы аудандар арқылы өтетін бар желілерде тиеудің көлемдеріне сәйкес келетін немесе жолдың білігі бойындағы биіктігі бойынша кішкене асатын көптеген тоннельдер бар. Іс жүзінде олардың ТЖХО Ц1 көлеміне дейін артуы барлық жағдайларда экономикалық және қаржылық тұрғыдан алғанда мүмкін емес.

Сондықтан, бар желілер үшін ТЖХО В көлемі алынған, ол атап айтқанда, мыналарға:

а) ені 2,44 м және биіктігі 2,9 м ISO контейнерлерін рельстер деңгейінен табандықтың биіктігі 1,18 м темір жол контейнерлік платформаларда тасымалдауға;

б) ені 2,5 м және биіктігі 2,6 м алынбалы шанақтарды табандықтан биіктігі 1,246 м кәдімгі темір жол платформаларында тасымалдауға;

с) қуысты арнайы платформаларда жартылай тіркемелерді тасымалдауға;
d) ені 2,6 м және биіктігі 2,9 м контейнерлерді/алынбалы шанақтарды табандық деңгейі төмен арнайы платформаларда тасымалдауға жол береді.

Транзиттік және құрамдастырылған тасымалдардың бар желілерінің көпшілігі ең болмағанда ТЖХО В көлемін ұсынады. Басқа желілер бойынша оларды осы стандартқа келтіру үшін кеп капитал салу талап етілмейді.

3. Ең аз есептік жылдамдық

Ең аз есептік жылдамдық трассаның геометриялық сипаттамаларымен (қисықтар радиустарымен), қауіпсіздік талаптарымен және жылжымалы құрамның тежеуіш коэффициенттерімен айқындалады.

4. Білікке рұқсат етілген жүктеме

Бұл - транзиттік және құрамдастырылған тасымалдарға арналған темір

жол желілері көтеруге қабілетті бір білікке түсетін рұқсат етілген жүктеме.

Мұндай желілер бар, сондай-ақ келешек ең қазіргі заманғы жылжымалы құрамның қозғалысын көтеруі тиіс, атап айтқанда:

- ТЖХО "Ц" жіктемесіне сәйкес келетін, білікке 20 т жүктеме түсетін вагондарды. ТЖХО шешімдеріне сәйкес білікке түсетін 22,5 т. жүктеме 100 км/сағатқа дейінгі жылдамдық үшін қабылданған. Білікке 20 т. жүктеме шегі ТЖХО ережелерімен белгіленеді.

ТЖХО ережелеріне сәйкес, білікке түсетін жүктемелердің көрсетілген мәндеріне дөңгелектердің диаметрлері кем дегенде 840 мм болғанда жол беріледі.

1-сурет

ТЖХО 506 ОР кітапшасына сәйкес GA, GB, GC тиеу көлемдері.

Рельс басынан бастап деңгей

ПАЙДАЛАНУ СИПАТТАМАЛАРЫ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҮШІН

ИНФРАҚҰРЫЛЫМҒА ҚОЙЫЛАТЫН ЕҢ ТӨМЕНГІ ТАЛАПТАР

А. Транзиттік және құрамдастырылған тасымалдарды ұйымдастыруға қойылатын талаптар

1. Өндірістің және тауарлар өтімінің қазіргі әдістерімен себептелген көлік ағындары қозғалысының тиімділігі мен қозғалу шапшаңдығына кепілдік беру үшін транзиттік және құрамдастырылған тасымалдар мынадай талаптарға сәйкес болуы тиіс,

а т а п

а й т қ а н д а :

а) жөнелту/келу қызмет көрсетулердің тұрақтылығын қамтамасыз етуде клиентураның қажеттіліктеріне (атап айтқанда, тиеу үшін жабудың кеш уақытын және жүктерді жеткізудің ерте уақытын белгілеу) сәйкес жүзеге асырылуы тиіс;

б) "есіктен есікке дейін" тасымалдарының шапшаңдығы, жоғары дәлділік, тасымалдардың сенімді мерзімдері;

с) көлік операциялары туралы ақпараттардың сенімділігі және дер кезділігі, құжаттаманың қарапайымдылығы, шығынның аз қатері;

д) Еуропа мен Азия арасындағы халықаралық автожол қатынасында тасымалдануы мүмкін стандартты контейнерлердің және басқа да жүксійымды қондырғылардың барлық түрін тасымалдауды жүзеге асыруға қабілеттілік. Осыған байланысты жүксійымды қондырғылардың салмағына және мөлшеріне қатысты болжамды әзірлемелерді ескеру керек.

2. Бұл талаптар мыналардың есебінен жүзеге асырылуы тиіс:

а) "есіктен есікке дейін" автомобиль көлігімен тасымалдау жылдамдығына сәйкес немесе артық болуы тиіс тасымалдау жылдамдығын арттыру (барлық аялдамаларды ескере отырып жөнелту орнынан бару орнына дейін арттыру);

б) клиентураның қалауы бойынша жүктерді таңертең жеткізу үшін жүк алушылардың жұмыстан тыс сағаттарын пайдалану (яғни тасымалдауды түн кезінде жүзеге асыру);

с) жүктерді өңдеу жөніндегі тиісті жабдықтың және инфрақұрылым әлеуетінің жеткілікті санды бар болуы;

д) мүмкіндігінше тікелей қатынастағы поездарды пайдалану;

е) байланыстың қазіргі заманғы жүйелерін пайдалану есебінен

тасымалдар ұйымдастыруды жақсарту жөніндегі ұйымдастыру шараларды жүзеге асыру.

3. Жоғарыда көрсетілген талаптарды қамтамасыз ету үшін поездар мен инфрақұрылымда тиімділіктің жеткілікті деңгейі болуы тиіс, яғни тасымалды ұйымдастыруға қатысы бар барлық ведомстволармен сақталуға тиіс ең аз белгілі стандарттарға сәйкес болуы тиіс.

В. Поездардың пайдалану-техникалық параметрлері

4. Транзиттік және құрамдастырылған тасымалдар үшін пайдаланылатын поездар мынадай ең аз талаптарға жауап беруі тиіс:

II-кесте

Мәндер (ең аз)		Қазіргі уақытта		Болашаққа
Параметрлер				(мақсатты сияқты)

Жылдамдық	60-90 сағ/км	90-100/100-120 сағ/км
Поездың ұзындығы	365-850 м	750-850 м
Поездың салмағы	600-3200 т	1500-3200 т
Білікке түсетін жүктеме	20 т	22,5/20 т

Егер тікелей қатынастағы поездар қозғалысын ұйымдастыру мүмкін болмаса, онда бір топтың вагондары бір бару орнына баруы тиіс болғанда, поездар мүмкіндігінше вагондар тобынан құрастырылуы мүмкін. Тікелей қатынаста жүретін поездардың, мүмкіндігінше аз аялдауын оның ішінде шекаралық өткелдерде аялдауын қамтамасыз е т у қ а ж е т .

5. Жылжымалы құрам жылдамдыққа және білікке түсетін жүктемеге қатысты жоғарыда аталған талаптарға жауап беруі тиіс, сондай-ақ жүксійымды қондырғылардың (сыйымдылықтардың) олардың салмағы мен мөлшерлерін ескере отырып, барлық түрін тасымалдауға қабілетті болуы тиіс.

6. Транзиттік және құрамдастырылған тасымалдарды жүзеге асыратын поездар аса жоғары басымдылыққа ие болуы тиіс. Олардың қозғалу кестесін тасымалдардың сенімділігі мен тұрақтылығына қатысты клиентураның қажеттіліктерін қанағаттандыратындай болып жасалуы тиіс.

С. Темір жол желілеріне қойылатын ең аз талаптар

7. Транзиттік және құрамдастырылған тасымалдарға арналған темір жол желілерінің өткізу қабілеті бұл тасымалдарға пайдаланылатын поездардың бос тұрып қалуын болдырмау үшін жеткілікті болуы тиіс.

8. Транзиттік және құрамдастырылған тасымалдарға жоспарланған темір жол желілерін жақсарту үшін ТЖЫҰ, ТЖХО ұсынған параметрлерді пайдалану керек.

Д. Терминалдарға қойылатын ең аз талаптар

9. Терминалдардағы жүктерді тиімді өңдеу үшін мынадай талаптар сақталуы тиіс:

а) жүктерді қабылдаудың ең соңғы мерзімі мен вагондарды жөнелтудің арасындағы, сондай-ақ вагондардың келуі мен түсіруге дайындығы арасындағы уақыттың үзілуі бір с а ғ а т т а н а с п а у ы т и і с ;

б) терминалдарға жүктерді жеткізетін немесе тиейтін автокөлік құралдарының күту у а қ ы т ы 60 м и н у т т а н а с п а у ы т и і с ;

с) терминалдың орналастырылуы мынадай түрде таңдап алынуы тиіс, оған:
- жүктерді жөнелтушілер мен алушылар объектілерінен оған жедел және жеңіл б а р у ғ а б о л а т ы н б о л у ы т и і с ;

- темір жол желісі шегінде ол темір жол желілерінің магистральдарымен жақсы

құрастырулары, ал вагондарды топтармен тасымалдау үшін құрамдастырылған тасымалдардың жедел поездарына жақсы шығуы болуы керек;

10. Төменде келтірілген аралық станцияларға қолданылатын ең аз талаптарды, сондай-ақ терминалдарға да қолдануға болады.

Е. Аралық станцияларға қойылатын ең аз талаптар

11. Құрамдастырылған тасымалдар поездарының техникалық немесе пайдаланушылық себептермен тоқтаулары басқа аялдамаларда бәрібір жүзеге асыруға тура келетін мақсаттардың (яғни шекаралық бақылау, локомотивтерді ауыстыру және т.б.) орындалуы үшін де пайдалану керек. Мұндай аралық станциялардың инфрақұрылымы мынадай талаптарға сәйкес болуы тиіс:

а) жолдардың түрлі үлгілерінің (қабылдау-жөнелту, сұрыптау, тиеу-түсіру, кіреберістік, дөңгелектер жұптарын ауыстыру) қажетті аялдамалардың ең аз ұзақтығын қамтамасыз ету үшін жеткілікті өткізу қабілеті болуы тиіс.

в) жоғарыда көрсетілген жолдардың тиеу көлемдері пайдаланылып жүрген темір жол желілерінің параметрлеріне сәйкес болуы тиіс (ТЖХО "В" немесе ТЖХО "Ц1");

с) жолдардың ұзындығы құрамдастырылған тасымалдар үшін пайдаланылатын толық құрамды поездарды қабылдау үшін жеткілікті болуы тиіс;

д) электр тартымын пайдаланған жағдайда жолдар екі тараптың да электровоздары өте алатындай (шекаралық станцияларда) болуы тиіс;

е) тиеу-түсіру, вагондар тобымен алмасу доңғалақтар жұбын ауыстыру жөніндегі қуат, сондай-ақ шекаралық бақылау жүргізудің рәсімі қажетті аялдамалардың ең аз ұзақтығын қамтамасыз етуі тиіс.

11.1. Вагонда тобымен алмасу станцияларында осы операцияларды жүзеге асыру үшін аялдау ұзақтығы әрбір жағдайда 180 минуттан аспауы тиіс. Бұған поездарды (шекараларды кесіп өтуді қоса алғанда, олардың жүру бағытының ұзындығы мүмкіндігінше ең үлкен болуы тиіс) тиісті қалыптастыру арқылы, сондай-ақ вагондар тобымен алмасу станцияларында барабар инфрақұрылымды құру есебінен қол жеткізілуі мүмкін.

11.2. Шекаралық пункттарда құрастырылған тасымал поездары мүмкіндігінше аялдамауы тиіс, егер аялдамауға болмаса, онда олардың ұзақтығы тым аз (180 минуттан артық емес) болуы тиіс. Бұған:

а) әдетте шекарада жүргізілетін міндеттердің орындалуын тездету арқылы немесе бұл мүмкін болмаса, оны поездар техникалық, коммерциялық және/немесе әкімшілік сипаттағы себептер бойынша бәрібір тоқтауға мәжбүр болатын ішкі жолдарда орындау арқылы;

в) тек қана бір аялдауды, оны да бірлескен (ортақ) шекаралық станцияларда жүзеге асыру арқылы қол жеткізілуі тиіс.

11.3. Доңғалақ жұптарын ауыстыру және қайта тиеу станцияларында қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін келешекте уақытты және шығындарды үнемдеу

тұрғысынан алғанда тиімді технологияларды әзірлеу қажет. Осындай станцияларда аялдау ұзақтығы мүмкіндігінше ең аз болуы тиіс. Доңғалақ жұптарын ауыстыру немесе қайта тиеу үшін қолда бар құралдар аялдамалардың аз ұзақтығын қамтамасыз ету үшін жеткілікті болуы тиіс. Жүктерді басқа жолдың вагондарына ауыстыру үшін пайдаланылатын стандарттар терминалдарда тиеу үшін де пайдаланылуға жарамды болады.

11.4. Паромдық айлақтарда/порттарда транзиттік және құрамдастырылған тасымалдар кезіндегі аялдаудың ұзақтығы мүмкіндігінше қысқа (мүмкіндігінше бір сағаттан артық емес) болуы тиіс. Оған порттардағы паромдық айлақтардың тиісті инфрақұрылымын құру және тиісті паромдарды пайдалану (төмендегі 12-тармақты қараңыз) есебінен, сондай-ақ мынадай шаралардың көмегі арқылы жетуге болады:

а) шекаралық бақылаудың қажетті талаптарына жоғарыда 11.2-тармақта ескерілген шараларды қолдану;

б) паромдар мен темір жолдардағы қозғалыс графигін келістіру және кемелерді тиеуді жеделдету және/немесе құрамдарды қалыптастыру мақсатында ақпараттарды алдына ала ұсыну.

Г. Паромдық кемелерге қойылатын ең аз талаптар

12. Транзиттік және құрамдастырылған тасымалдарға пайдаланылатын паромдық кемелер мынадай талаптарға сәйкес болуы тиіс:

а) олардың мөлшерлері мен класы тасымалданатын жүктер мен вагондарға сәйкес болады тиіс;

б) паромдық кемелерді тез тиеу мен түсіруді, сондай-ақ жүктерді/вагондарды қалауды одан кейінгі темір жол тасымалының (қажет жағдайда құрамдастырылған тасымалдарды жолаушы және/немесе автомобиль тасымалдарынан бөлу) талаптарына сәйкес жүзеге асыру мүмкіншіліктері;

с) егер өткеру барысында жүк вагондарда қалатын болса, онда паромдық

кемелерге кіру оңай болуы керек, мұның өзі көп уақыт шығындарын қажет ететін сұрыптамалық операциялар қолданбай-ақ мүмкіндік береді. Тиеу көлемі, білікке түсетін жүктеме және т.б. ТЖХО/ТЖЫҰ талаптарына сәйкес болуы тиіс;

д) егер жүктердің орнын ауыстыруды вагондарсыз жүзеге асыру қажет болса, онда паромдық және темір жол терминалдары арасында мүмкін болатын автомобиль тасымалын жүзеге асыру үшін қысқа және сенімді автомобиль жолдары болуы тиіс.

IV қосымша

АВТОЖОЛ КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

1-бап. Анықтамалар

Осы Қосымшаның мақсатында онда қолданылатын сөз тіркестерінің мынадай мәндері болады:

Білікке түсетін жүктеме: Нақты біліктің немесе біліктер тобының барлық дөңгелектерімен жол төсеміне түсірілетін шын мәніндегі жүктемесі;

Брутто салмағы: Тиелген көлік құралының борттағы экипажбен және жолаушылармен бірге шын мәніндегі салмағы;

Ең үлкен рұқсат етілген салмақ: Көлік құралы тіркелген мемлекеттің құзыретті органы рұқсат етілген деп жариялаған тиелген көлік құралының ең үлкен рұқсат етілген салмағы;

Жүксіз салмақ: Көлік құралының экипажсыз, жолаушысыз немесе жүксіз, бірақ жағармайдың толық қоры және әдетте бортта болатын аспаптар жиынтығы бар салмағы.

2-бап. Көлік құралын қабылдау

Уағдаласушы Тараптар көлік құралдары тіркелген басқа Уағдаласушы Тараптардың аумақтарында қолданылатын техникалық талаптарға жауап беретін және Талаптарға сәйкестігі туралы куәлігі немесе тіркелген елде осыған құзыретті орган берген осы тәрізді құжаты бар көлік құралдарына жол береді.

3-бап. Көлік құралдарын кедендік бақылаудағы транзиттік тасымалдарға бейімдеу

Осы Қосымшаға сәйкес жүктердің халықаралық автожол тасымалына арналған көлік құралдары 1975 жылғы ХЖТ кітапшасын (ХЖТ Конвенциясын) қолданып Жүктерді халықаралық тасымалдау туралы кедендік конвенцияға 2-қосымшада жазылған техникалық талаптарға сәйкес болып құрылуы керек.

4-бап. Көлік құралдарының білігіне және брутто салмағына түсетін ең көп жүктеме

1. Уағдаласушы тараптар аумақтарындағы білікке түсетін рұқсат етілген ең үлкен жүктеме мыналарды құрайды:

	Қазіргі кезде	Болашаққа
		тапсырма
А) бір білік үшін	6-12 т	10-13 т
ә) қосарланған білік үшін	10-22,5 т	16,5-20 т

Б) теліме білік үшін	13-33 т	22-30 т
В) брутто-салмақ	36-40 т	40-42 т

а) Осы тапсырма ЭКО аймағындағы Көлік және коммуникациялардың онжылдығына (1998-2007) арналған іс-қимыл бағдарламасында берілген мерзімдерде жүзеге асырылуы мүмкін.

б) Егер бір немесе одан да көп Уағдаласушы тарап осы тапсырманы орындауды жоғарыда аталған онжылдықтың аяғына қарай орындауды қамтамасыз ете алмаса, онда олар жүктердің жүк алушыға дейін кедендік бақылаумен тауарлар транзиті тәртібінде қозғалу мүмкіндігін қамтамасыз ететін шаралар қабылдауы тиіс.

2. Уағдаласушы тараптардың ішкі заңнамасымен іс жүзінде пайдалану үшін белгіленген білікке түсетін рұқсат етілген ең үлкен жүктеме 1-кестеде келтірілген.

3. Егер қандай да бір Уағдаласушы тарап білікке түсетін рұқсат етілген ең үлкен жүктеменің нормативін өзгертуге ниеттенсе, онда ол бұл туралы жаңа нормативті енгізу басталардан екі ай бұрын барлық Уағдаласушы тараптарды, сондай-ақ Транзиттік-көліктік үйлестіру кеңесін (ТКҮК) дипломатиялық арналар бойынша ресми хабардар етуі тиіс. Ондай болмаған жағдайда нормативті өзгерткен Уағдаласушы тараптың кез-келген талаптары

жаңа нормативті күшіне енгізгеннен бастап үш айлық мерзім өткенге дейін заңсыз болып табылады.

5-бап. Көлік құралдарының ең үлкен көлемдері

Жүктерді транзиттік тасымалдауға пайдаланылатын көлік құралдарының көлемдері мыналардан аспауы тиіс:

	Қазіргі кезде	Болашаққа
	тапсырма	
Ені бойынша:	2,50 метр	2,50 м
	(Пакистан аумағында - 2,75 м)	
Биіктігі бойынша:	4м	4-4,5 м
Ұзындығы бойынша:		
- қатты базамен		-
- жартылай	11-12 м	-
тіркемемен	17,4 м	24 м
- автопоездардың	18-20 м	

1-кесте

Ішкі заңнамасына сәйкес Уағдаласушы тараптардың
аумақтарында қолданылатын білікке түсетін рұқсат етілген ең үлкен
жүктеме

N	Уағдаласушы тараптар	Рұқсат етілген ең үлкен		Рұқсат етілген ең үлкен
		жүктемелер	жүктемелер	

1	Ауғанстан	10,0	16,0	22,0	36,0
2	Әзербайжан	10,0	16,0	22,0	36,0
3	Иран Ислам Республикасы	13,0	20,0	26,0	40,0
4	Қазақстан	8,0	13,2	18,8	36,0
5	Қырғызстан	10,0	16,0	22,0	36,0
6	Пакистан	12,0	22,5	33,0	40,0
7	Тәжікстан	8,0	14,0	22,0	36,0
8	Түркия	10,0	16,0	22,0	40,0
9	Түркіменстан	6,0	10,0	13,0	36,0
10	Өзбекстан	8,0	16,0	24,0	40,0

V қосымша

Үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық жауапкершілікке
қатысты автокөлік құралдарын сақтандыру

Уағдаласушы тараптар автокөлік құралдарын үшінші тұлғалар алдындағы

азаматтық жауапкершілікке қатысты сақтандыру халықаралық автокөлік
тасымалдарын ұйымдастырудағы аса маңызды және қажетті элементі болып
табылатынын мойындайды. Осы Қосымшаның мақсаттары үшін мынадай ережелер
белгіленеді:

1-бап

Уағдаласушы Тараптар осы Қосымшаның мақсаттары үшін өз арасында
"Жасыл картаны" пайдалана отырып Халықаралық сақтандыру жүйесі бойынша
операцияларды басқару және жүзеге асыру үшін жауапты болып табылатын

Бюролардың арасындағы Бірыңғай Келісімнің ережелерін пайдаланатын болады.

2-бап

"Жасыл картаны" пайдалана отырып Халықаралық сақтандыру жүйесінің тараптары болып табылмайтын Уағдаласушы тараптар жоғарыда аталған Келісімге қол қою үшін қажетті қадамдар жасайтын болады.

3-бап

1. Уағдаласушы тараптар осы Қосымшаның мақсаттары үшін барлық Уағдаласушы тараптар "Жасыл картаны" пайдалана отырып Халықаралық сақтандыру жүйесіне қосылғанша автокөлік құралдарын үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық жауапкершілікке қатысты сақтандырудың уақытша сызбасын қолданатын болады.

2. Сақтандырудың бұл уақытша сызбасын іске асырудың тәртібі мен мерзімдерін Транзиттік-көліктік үйлестіру кеңесінің Сақтандыру шағын комитеті айқындайды.

3. Осы Келісім күшіне енген күннен бастап Уағдаласушы тараптың әрқайсысы үш айдың ішінде нақты ұлттық сақтандыру компаниясын немесе ұсынылған уақытша сақтандыру сызбасында Автокөлік құралдарын сақтандыру жөніндегі Ұлттық Бюро ретінде қатысуға уәкілетті басқа арнайы ұйымды белгілеуге өзіне міндеттеме алады.

4-бап

Транзиттік-көліктік үйлестіру кеңесінің Сақтандыру шағын комитетінің құрамына Уағдаласушы тараптардың әрқайсысынан екі өкілден кіреді: сақтандырудың қадағалау органынан және Автокөлік құралдарын сақтандыру жөніндегі Ұлттық Бюроның функцияларын орындайтын ұйымнан (уәкілеттендірілген сақтандыру компаниясы).

Көрсетілген Сақтандыру шағын комитеті өкілеттіктерінің аясына мыналар кіреді:

а) сақтандыру тарифтерін анықтау және сақтандырудың өтеуін алу мен талап-арыздарды төлеу тәртібі (меншікке зиян келтіргені және денеге зақым келтіргені үшін) туралы ережелерді дайындау;

б) Уағдаласушы тараптар арасында сақтандыру саласындағы көптарапты келісімнің жобасын және оның қол қойғаннан кейінгі мониторингін әзірлеу;

с) Үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық жауапкершілікке қатысты автокөлік құралдарын сақтандыруға арналған сақтандыру куәлігін дайындау;

д) Уағдаласушы тараптардан түсетін ұсыныстар мен ескертпелерді қарау, туындаған даулы мәселелерді Транзиттік-көліктік үйлестіру кеңесінің шешуіне шығару, қажетті құжаттардың жобаларын Уағдаласушы тараптар үкіметтерімен келістіру;

е) Транзиттік тасымалдар бойынша Негізгі келісімнің ережелерін орындауды жеңілдету үшін сақтандырудың басқа кез-келген мәселелерін қарау.

5-бап

Жоғарыда берілген баптардың ережелерін орындау үшін Уағдаласушы тараптар мынадай шаралар қабылдайды:

а) олардың аумағында құрылған және үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық жауапкершілікке қатысты автокөлік құралдарын сақтандыратын сақтандыру компаниясынан немесе компанияларынан Уағдаласушы тараптардың келісімдерімен айқындалған деңгейде сақтандырулық жабудың ең аз деңгейін қамтамасыз етуді талап етуге міндеттенеді;

б) Осы Қосымшаның ережелерін орындауға қажетті ішкі заңнаманы

үндестіреді, және

с) "Жасыл картаны" пайдалана отырып Халықаралық сақтандыру жүйесінің ережелеріне сәйкес басқа Уағдаласушы тараптардың ұлттық бюролары төлейтін соманың өтемі үшін ақшалай қаржыларды аударуға рұқсат етеді.

6-бап

Сақтандыру шағын комитеті дайындаған ұсыныстар Транзиттік-көліктік үйлестіру кеңесінің (ТКҮК) мақұлдауына беріледі.

VI қосымша

АВТОМОБИЛЬ КӨЛІГІМЕН ТАСЫМАЛДАУ ЕРЕЖЕСІ

I БӨЛІМ

Жүктердің халықаралық тасымалын ұйымдастыру

1-бап

Жүктердің халықаралық тасымалы

Транзиттік тасымал жөніндегі негізгі келісімнің Уағдаласушы тараптары арасындағы Автомобиль көлігімен жүктердің халықаралық тасымалы 1956 жылғы 19 мамырдағы Жүктерді халықаралық жолмен тасымалдау шарты туралы конвенцияның (ЖТШК) ережелеріне және оның 1978 жылғы 5 шілдедегі

Хаттамасына (Женева қаласы) сәйкес жүзеге асырылады.

Егер мемлекеттер жоғарыда аталған конвенцияның тараптары болып табылмайтын болса, онда олар Транзиттік тасымал жөніндегі негізгі келісімнің Уағдаласушы тараптарының тасымалдаушыларына тиісті жағдайларды ұсына алмайтын болады.

II БӨЛІМ

Халықаралық жолаушылар тасымалын ұйымдастыру

2-бап

Жолаушылар билеті

1. Жолаушылар билеті халықаралық құқыққа сәйкес тасымалдау шарты болып табылады.

2. Жолаушыларды тасымалдау кезінде тасымалдаушы жеке және ұжымдық билеттер беруге міндетті.

3. Билетте тасымалдаушының аты, сондай-ақ қарама-қарсы мәндегі ешқандай ескертулерге қарамастан, шарт осы Ережелер қағидаларының аясына жататындығы көрсетілуі тиіс. Сондай-ақ билетте жолаушының аты мен түпнұсқа құжаттары к ө р с е т і л у і т и і с .

4. Билеттің жоқтығы, ресімделу қателігі немесе жоғалуы осы Ережелердің қағидаларымен реттеле беретін тасымалдау шартының барлығына немесе растығына ықпал етпейді. Билет жоқ болған, қате толтырылған немесе жоғалған жағдайда жолаушы билетті берген келісім-шарт жасаушы тарапқа келісім-шартта қала беру үшін өзінің жеке куәлігін көрсетеді және растайды.

3-бап

Жол жүгін тіркеу

Егер жолаушы өзінің жол жүгін тапсырғысы келсе, ал тасымалдаушы қабылдап алса, онда тасымалдаушы жолаушының сұрауы бойынша қабылдап билетпен қоса орынның саны және оған тапсырылған жол жүгінің сипаты мен оның жарияланған құны көрсетілген жол жүгін тіркеу туралы түбіртекті немесе басқа кез-келген балама құжатты бере алады.

4-бап

Жолаушылардың дене зақымдарына жауапкершілік

1. Өліммен немесе дене жарақаттарымен, соның ішінде жолаушының мүгедектігіне немесе жүйкесінің бұзылуына соқтырған ауыр дене жарақаттарымен байланысты шығын немесе залал үшін, егер осы залалға соқтырған оқиға тасымалмен байланысты және жолаушы көлік құралында болған уақытта әлде ол отырған және түскен кезде, әлде теңдеме жүкті тиеумен немесе берумен байланысты және тасымалдаушының немесе ол жауапты болатын, тасымалдау шартына сәйкес өз міндеттемелерін орындау үшін қызметтеріне жүгінген агенттер, қызметшілер және басқа да тұлғалардың ұқыпсыздығына байланысты, осындай агенттер, қызметшілер мен басқа да тұлғалар өз қызметтік міндеттемелерінің шегінде іс-әрекет жасағанда, осылар оның өз іс-әрекеттері немесе қателіктеріндей болғанда тасымалдаушы жауапты болады.

Мұндай қателік немесе ұқыпсыздық соқтығысу, жарылыс немесе өрттен/өртке байланысты өлім немесе дене зақымдары немесе толық мүшелену және/немесе жазылмайтын толық мүгедектік немесе жүйкенің бұзылуына басқалай дәлел жоқ жағдайда мойындалады.

2. Тасымалдаушы 1-тармақта көрсетілген шығын немесе залал үшін, егер ол шығын немесе залал:

а) көлік құралындағы олқылықтар немесе оның жабдығындағы ақаулар нәтижесінде болған болса, немесе

б) тағылып отырған қате немесе ұқыпсыздық тасымалдаушы көлік құралын жалдаған тұлғаның немесе олар үшін оның өзі 1-тармаққа орай жауап беретін тасымалдаушы болып табылатын тұлғаның тарабынан жіберілген болса жауап береді.

3. Жоғарыда берілген 1 және 2-тармақтар ережелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін тасымалдаушы жолаушыларды сақтандыруға міндетті.

5-бап

Теңдеме жүкті жоғалтқаны және зақымдағаны үшін
жауапкершілік

1. Жолаушы тасымалдаушыға өзінің теңдеме жүгін берген кезде оның құнын жариялауы тиіс. Бұл актіні ресімдеу кезінде тасымалдаушы теңдеме жүктің толық немесе ішінара жоғалуына немесе зақымдануына, егер ол тасымалдау кезінде тасымалдаушының немесе оған жауап беретін тұлғалар қателігінің немесе ұқыпсыздығының салдарынан орын алған болса, жауапты болады. Мұндай қателік немесе ұқыпсыздық кері дәлел болмағанда:

а) егер теңдеме жүктің жоғалуы немесе зақымдануы соқтығыстан, жарылыстан немесе өрттен/немесе соларға байланысты болса; немесе

б) егер мұндай теңдеме жүк тасымалдаушыға берілген болса: шарттың қағидаларына сәйкес өзіне жауапкершілік алған мезгілден бастап соған құқығы бар тұлға оны алып шыққанға немесе оны сақтауға тапсырғанға дейін мойындалады.

2. Осы баптың 1-тармағының б) тармақшасының ережелері басқа көлік құралдарында тасымалданатын автомобильдерге де мұндай автомобильдерде болатын теңдеме жүкке де қолданылмайды.

3. Тасымалдаушы 1-тармақта айтылатын теңдеме жүктің жоғалуына немесе зақымдануына жауап береді, егер осы жоғалу мен зақымдану:

а) көлік құралындағы ақаулардан немесе жабдықтардың бұзылуынан туындаған болса; немесе

б) тасымалдаушы көлік құралын жалдаған тұлғаның тарабынан қателік немесе ұқыпсыздық жіберілсе немесе оның өзі тасымалдаушы болып табылса, 1-тармаққа сәйкес жауапты болатын болса.

6-бап

Жолаушылардың дене зақымдарын өтеу мөлшері

Жолаушыларға келтірілген дене жарақаттары немесе өлімі үшін тасымалдаушыдан өтеуге талап етілуі мүмкін жолаушылардың дене жарақаттары үшін өтелетін жалпы сома, егер елдер арасындағы тасымалдар шартының қағидаларымен басқадай көзделмесе, Уағдаласушы тараптардың ұлттық заңнамасымен анықталады.

7-бап

Теңдеме жүктің жоғалуын немесе зақымдануын өтеу мөлшері

Осы Ережелерге сәйкес тасымалдаушы теңдеме жүктің толық немесе ішінара жоғалуы немесе зақымдануы салдарынан болған залалды өтеуге жауапты болады. Залалды өтеу жоғалу немесе зақымдану мөлшеріне тең сомада талап етілуі мүмкін, бірақ бұл сома теңдеме жүктің жолаушы бұрын жариялаған құнынан артық болмайды, ал егер ондай болмаса, онда залалды өтеудің мөлшері тасымалдаушының жауапкершілігі басталған елдің ұлттық заңнамасына сәйкес, бірақ әрбір жоғалған және зақымдалған теңдеме жүктің әрбір килограммы үшін кем дегенде 5 АҚШ долларынан е с е п т е л е д і .

8-бап

Сот және басқа да шығындарды өтеу

Осы Ережелердің 6 және 7-баптарында көзделген өтеулер мөлшеріне өтемі немесе төлемі тасымалдаушыдан талап етілуі мүмкін, өз құқықтарын қорғауда тараптар жасаған сот және басқа да шығындар, сондай-ақ заңнамаға сәйкес есептелетін пайыздар, егер істі қарайтын сот немесе трибунал оны қолдануға болады деп есептесе, кірмейді.

VII қосымша

КЕДЕНДІК БАҚЫЛАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1-БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Қолданылатын терминдер

Осы Ережелердің мақсаттары үшін және Транзиттік тасымалдар жөніндегі негізгі келісімнің 1-бабында бар анықтамаларға қосымша ретінде мынадай негізгі терминдер п а й д а л а н ы л а д ы :

Кедендік өкімет орындары: кеден заңнамасының орындалуын қамтамасыз ету және импорттық және экспорттық баждар мен салықтарды жинау үшін, сондай-ақ өзгелердің ішінде жүк импортына, экспортына және транзитіне қатысты басқа да заңдар мен

ережелердің қолданылуы үшін жауапты мемлекеттік қызмет.

Кедендік қамтамасыз ету: пломбы, мөр салу, цифрлы, әріпті және өзге де белгілер, бірегейлендіру нөмірлерін салу, мөртабандар басу, тауарларды, фотосуреттерді сипаттау, тауарға жолдама және өзге де құжаттарды пайдалану арқылы кедендік өкімет орындары жүзеге асыратын жүктерді, көлік құралдарын және тауарларды сыйдыруға қабілетті өзге де орындарды кедендік бірегейлендірудің әдісі.

Кедендік бақылаудағы тауарлар транзиті: кедендік рәсім, бұған сәйкес жүктер Уағдаласушы тараптардың аумағы арқылы жөнелту кеденінен бастап жеткізу кеденіне дейін кедендік бақылаумен тасымалданады.

Декларант: кедендік бақылаудағы тауарлардың транзиті үшін кедендік жүк мәлімдемесіне қол қоятын немесе соның атынан Мәлімдемеге қол қойылған жеке немесе заңды тұлға.

Кедендік бақылаудағы тауарлардың транзиті үшін кедендік жүк мәлімдемесі: мүдделі тұлғалар сол арқылы кедендік бақылаудағы жүк транзиті үшін өтініш жасайтын және кедендік бақылаудағы жүк транзитін жүзеге асыру үшін кеден талап ететін деректемелер толтырылатын белгілі нысандағы өтініш.

Жөнелту кедені: кедендік бақылаудағы тауарлардың транзиті басталатын Уағдаласушы тараптың кез келген кедені.

Аралық кеден: кедендік бақылаудағы тауарлардың транзиті барысында сол арқылы көлік құралы немесе контейнер өтетін Уағдаласушы тараптың кез келген кедені.

Жеткізу кедені: кедендік бақылаудағы тауарлар аяқталатын Уағдаласушы тараптың кез келген кедені.

2 - бап . Қолдану өрісі

Осы Қосымшаның ережелері кедендік өкімет орындары тиімді түрде мөрлейтін жүктерге, сондай-ақ көлік құралдарына, әлде кедендік бақылаумен жүретін мөрленбейтін мынадай көлік құралдарына қолданылады:

а) бір Уағдаласушы тараптың аумағынан бір немесе одан артық Уағдаласушы тараптардың аумақтары арқылы үшінші елдің аумағындағы пунктке белгіленіп жолданған ;

б) үшінші елдің аумағынан Уағдаласушы тараптардың бірінің аумағындағы пунктке бір немесе одан артық Уағдаласушы тараптардың аумақтары арқылы белгіленіп жолданған ; және

с) бір Уағдаласушы тараптың аумағынан екінші Уағдаласушы тараптың аумағындағы пунктке бір немесе одан артық Уағдаласушы тараптың аумағы арқылы белгіленіп жолданған .

3-бап. Кедендік бақылаудағы тауарлар транзиті

кезіндегі баждар және салықтар

1. Уағдаласушы тараптар өздерінің ұлттық заңнамасына сәйкес көлік құралдарына, сондай-ақ олардың мемлекеттерінің аумақтарына уақытша әкелініп қойған көлік құралдарына салынған немесе пайдаланылатын жабдықтар мен бөлшектер үшін жөндеу немесе техникалық қызмет көрсету кезінде қосалқы бөлшек ретінде пайдаланылатын жабдықтар мен бөлшектер үшін қызмет көрсету және қалпына келтіру үшін материалдарды уақытша әкелуге рұқсат беруге келіседі. Осындай бөліктер мен жабдықтар үшін кепілдік және уақытша әкелу туралы құжат талап етілуі мүмкін.

2. Уағдаласушы тараптар, сондай-ақ мыналарға: келген бойда көлік құралдарының штаттық сыйымдылықтарында болатын отын және жағар материалдарына; қосалқы бөлшектерге, керек-жарақтарға және жабдықтарға, яғни көлік құралының бөлігі болып табылатын жүкті тиеу, түсіру, жылжыту және сақтандыру үшін арнайы жабдықтарға салынатын импорт баждарынан және салықтардан босатуға келіседі.

3. Кепілдік беруші қауымдастықтың қаржылық қамтамасыз етуімен немесе 1975 жылғы Кедендік конвенцияның ХЖТ кітапшасын пайдаланып тасымалданатын тауарлар қандай да болмасын негізсіз кідіртулерге немесе шектеулерге ұшырамайды және кедендік баждар мен салықтарды төлеуден босатылады.

4. Уағдаласушы тараптардың кепілдік беруші қауымдастықтары импорттық немесе экспорттық баждар мен салықтарды және қате іс-әрекеттері Жасалған елдің кедендік заңнамасы мен нұсқаулықтарына сәйкес төленуі тиіс тиісті алымдарды төлеуге м і н д е т т е н е д і .

4-бап. Кедендік транзитке арналған бағыттар

Уағдаласушы тараптар Транзиттік тасымалдар бойынша негізгі келісімге Қосымшада ұсынған және жиыстырған транзиттік бағыттар олардың аумақтарында кедендік бақылаудағы тауарлар транзиті үшін пайдаланылуы мүмкін екендігіне к е п і л д і к б е р е д і .

5-бап. Шекаралық кедендердің жұмыс уақыты және кедендік бақылаудағы тауарлар транзитінің мәселелері бойынша құзыреті

1. Осы Қосымшаның мақсаты үшін ортақ шекарада орналасқан тиісті кеден қызметтері Уағдаласушы тараптармен келісілген күн тәртібіне сәйкес жұмыс істейді.

2. Уағдаласушы тараптар өзінің тиісті шекаралық кеден қызметтерін осы Қосымшаның ережелеріне сәйкес кедендік бақылауға алынып транзитпен тасымалданатын барлық тауарларға қатысты көзделген кеден нысандылықтарын

орындауға

уәкілеттендіреді.

6-бап. Тауарлар транзиті үшін жүк кеден мәлімдемесі

1. Уағдаласушы тараптар халықаралық тасымалдағы көліктің кез келген түрімен жөнелту кезінде жүк кеден мәлімдемесін ресімдейді.

2. Транзиттік тасымалдар 1975 жылғы ХЖТ Конвенциясына сәйкес жүзеге асырылған жағдайларда кеден мәлімдемесі үшін, осы Конвенцияның тараптары болып табылмайтын елдерді қоспағанда, ХЖТ кітапшасы пайдаланылады.

3. Уағдаласушы тараптар осындай елдерге және кейін қарай жүк жөнелткен кезде ұлттық кеден мәлімдемелерін және осы Қосымшаға 1-толықтыруда келтірілген мәліметтерді көрсете отырып, тауар-көлік жүкқұжатын пайдаланатын болады.

4. Тауар-көлік құжаттамасында онда берген мәліметтерден басқа аралық шығу пункттері (жөнелту пунктінен жету пунктіне дейін жүк жүруі тиіс бағыт) туралы ақпарат, сондай-ақ транзиттік операциялардың көлемін тиісті түрде инспекциялау және бағалау үшін қажетті жүктің таза салмағы туралы мәлімет болуы керек.

7-бап. Кедендік қамтамасыз ету

1. Кедендік бақылаудағы тауарлар транзиті үшін пайдаланылатын кедендік мөрлер, пломбалар және бекіткіштер осы Қосымшаға 2-толықтыруда жазылған ең төмен талаптарға сәйкес болуы тиіс.

2. Екінші Уағдаласушы тараптың немесе үшінші елдің кедендік өкімет орындары орнатқан және 2-толықтырудың талаптарына сәйкес кедендік мөрлер, пломбалар және бекіткіштер осы Қосымшаның мақсаттары үшін қабылданады. Уағдаласушы тараптар осындай шетелдік кедендік қамтамасыз етуді жеткіліксіз немесе сенімсіз деп есептегенде, немесе тауарларды қарауды олардың кеден өкімет орындары жүзеге асырған жағдайларда өздерінің меншікті мөрлерін, пломбаларын және бекіткіштерін қ о ю қ ұ қ ы ғ ы н с а қ т а й д ы .

3. Уағдаласушы тараптар бір біріне кедендік бақылаудағы тауарлар транзитінің мақсаттары үшін пайдаланылатын кедендік мөрлердің, пломбалардың және бекіткіштердің үлгілерін ұсынады.

8-бап. Мөрленетін көлік құралдарына қойылатын техникалық талаптар

1. Осы Қосымшаға сәйкес кедендік мөрлер және пломбалармен тасымалдануға арналған көлік құралдары мынадай:

а) кедендік мөрлер мен пломбалар қарапайым және сенімді әдіспен салынатын;

b) жүктер көлік құралының мөр басылған бөлігінен зақымдалудың немесе кедендік мөрлер мен пломбаларды жұлудың көрінетін іздерін қалдырмай алынбайтын/немесе о р н а т ы л м а й т ы н ;

c) оларда тауарларды жасыруға болатын ешқандай құпия орындар болмайтындай;

d) тауарлар орналасатын барлық орындар кедендік қарау үшін қол жеткізуге оңай болып құрастырылады және жабдықталады;

және осындай көлік құралдары осы баптың 2-тармағына сәйкес кедендік мөрлермен және пломбалармен тауарлар тасымалын жүзеге асыруға жарамдылыққа мақұлдау алуы т и і с .

2. Уағдаласушы тараптар қандай да болмасын қосымша инспекциялаусыз басқа Уағдаласушы тараптардың құзыретті органдары мақұлдаған көлік құралдарын, сондай-ақ кедендік мөрлер мен пломбалар бар тауарлардың халықаралық тасымалына арналған қажетті техникалық талаптар мен көлік құралдарына мақұлдау алу рәсіміне сүйенген халықаралық құжаттарға сәйкес мақұлданған көлік құралдарын қабылдауға м і н д е т т е н е д і .

9-бап. Мөрленбеген көлік құралдарына қойылатын ерекше техникалық талаптар

1. Кедендік бақылаудағы тауарлар транзиті үшін кедендік өкімет орындарымен мөрленбейтін көлік құралдары осы Қосымшаға сәйкес тауарларды жасыруға болатын ешқандай да орындар немесе қуыстар болмайтындай түрде құрастырылады және ж а б д ы қ т а л а д ы .

2. Тауарларды жасыруға болатын барлық кедендік қарау үшін қол жеткізілімді б о л у ы т и і с .

3. Уағдаласушы тараптарда жоғары салық салуға жататын тауарлар/заттар мөрленбейтін көлік құралдарында транзитке жіберілмеуі тиіс.

4. Мөрленбейтін көлік құралдарында тасымалданатын тауарлар/заттар көлік құралдарын қарау жүзеге асырылатындай және мүмкіндігінше ауыртпалық келтірмейтіндей бір сортты және стандартты орамдарда болуы тиіс.

5. Осы Келісімге сәйкес мөрленбейтін көлік құралдарында тасымалданатын тауарлар Уағдаласушы тараптардың кіру және шығу пункттерінде кедендік алаяқтықты /заңсыз іс-әрекеттерді болдырмау мақсатында міндетті түрде кедендік қарауға жатады.

2-БӨЛІМ

ӨЗАРА ӘКІМШІЛІК КӨМЕК

10-бап. Ақпаратты беру

Уағдаласушы тараптардың кедендік өкімет орындары өтініші бойынша жедел түрде б і р - б і р і н е :

а) оларға қатысты түпнұсқа екендігінде күмән болғанда олардың аумақтарында толтырылған және қабылданған кедендер жүк мәлімдемелеріне қатысты хабарлар;

б) соларға қатысты олардың аумақтарында салынды деп мәлімденген мөрлер мен пломбалардың түпнұсқалығын тексеруге мүмкіндік беретін ақпаратты береді.

11-бап. Дәлсіздіктер туралы хабарлама

1. Уағдаласушы тараптардың кедендік өкімет орындары осы Қосымшаның ережелеріне сәйкес транзиттік тасымалды жүзеге асыруға байланысты анықталған кедендік жүк мәлімдемесіндегі кез келген маңызды қате немесе кез келген өзге де дәлсіздіктер туралы ол істі зерттеу, тиісті баждар мен салықтарды жинап алу мүмкін болуы үшін, сондай-ақ осындай жағдайлардың қайталануын болдырмау үшін жедел және к і д і р і с с і з х а б а р д а р е т е д і .

2. Жалған декларация/заңсыз іс-әрекеттер немесе кедендік мөрлердің, пломбалардың және т.б. бұзылуы жағдайында жауапкершілік Уағдаласушы тараптардың тиісті кедендік өкімет орындарымен бұзушылық айқындалған мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес анықталуы тиіс.

3-БӨЛІМ. ҚОЙМАЛЫҚ ОБЪЕКТІЛЕР

12-бап. Транзиттік жүктерді қоймаға қоюға рұқсат

Уағдаласушы тараптар олардың мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес өз мемлекеттерінің аумағында екінші Уағдаласушы тараптың аумағынан жөнелтілген/ немесе аумағына жөнелтілетін жүктерді уақытша қоймаға, әлде мұндай сақтау транзиттік тасымалды жүзеге асырғаннан кейін, әлде дейін немесе осындай тасымалдың кез келген кезеңінде, мысалы шекаралық пункте осы жүктерді үшінші елдегі олардың ең соңғы жеткізу пунктіне жөнелту үшін жеткілікті мерзімге кеденнің қоймасына қоюға рұқсат етеді. Өз кезегінде Уағдаласушы тараптар қызмет көрсетудің барлық қажетті құралдарымен жабдықталған, өрттен қорғауды және жүктің сақталуын қамтамасыз етуді қоса алғанда, қойма бөлмелерін ұсынады.

13-бап. Қоймаға қойылған жүктерге қатысты рұқсат етілген о п е р а ц и я л а р

1. Кеден қоймасына қойылған жүктерге қатысты оларды тиісті жағдайды сақтау үшін қажетті қарапайым операциялар рұқсат етіледі. Кедендік рұқсатпен және бақылаумен жүргізілетін осындай операцияларға тазалау, шанды кетіру, партияны бөлшектеу, жөнелтуді қалыптастыру, тиеу және түсіру, сұрыптау және жарамсыз болған бумаларды жөндеу немесе ауыстыру, сондай-ақ оларды жөнелтуді бастауға дейін желдету, кептіру, оңтайлы сақтау температурасы үшін жағдай жасау, қорғайтын майлар мен консерванттар, тоттануға қарсы жабын кіреді.

2. Сондай-ақ жүктерге қатысты оларды сақталған орнынан алуды жеңілдету және әрі қарай тасымалдау үшін қажетті қарапайым операцияларға жол беріледі. Кеденнің рұқсатымен және бақылауымен жүргізілетін осындай операцияларға қатарластыру, өлшеу және таңбалау, сондай-ақ тиеу-түсіру, толықтыруға немесе жұмыс қалпына келтіруге байланысты қарапайым операциялар, кедендер қойманың шегінде тиімді орналастыру мақсатында орын ауыстыру жатады.

14-бап. Қоймаға қою құжаттары

Жүктерге қоймаға әкелінгеннен кейін коммерциялық немесе көліктік ілеспе құжат бойынша, мысалы жүк манифесті, мультимодальды тасымалға арналған құжат, көлік жүкқұжаты, әуе тасымалына арналған жүкқұжаты бойынша немесе кедендік бақылаудағы тауарлар транзиті үшін кедендік жүк мәлімдемесі бойынша қабылданады. Кедендік қоймаға орналастырылған жүктер қоймаға қоюға қатысты ұлттық кеден талаптарына сәйкес болуы тиіс.

4-БӨЛІМ. ӨЗГЕ ДЕ ЕРЕЖЕЛЕР

15-бап. Жүктердің белгілі партияларының бірінші кезектілігі

Кедендік бақылаумен тасымалданатын транзиттік жүктерге кедендік тазалау жүргізетін кез келген кеденде Уағдаласушы тараптар тірі жануарлары, тез бұзылатын тауарлары және басқа да шұғыл талап етілетін жүктері бар, олар үшін тез тасымалдау қажетті шарт болып табылатын жүк партияларына басымдылық береді.

16-бап. Қайғылы оқиғалар

Кедендік бақылаудағы тауарлар транзитінің бағытында болатын қайғылы және өзге де ойламаған оқиғалар туралы қайғылы немесе өзге де ойламаған оқиғалар болған жерге жақын орналасқан, болғанды куәландыратын кедендік немесе өзге де құзыретті органдарға хабарланады.

17-бап. Тауарлардың жоғалуы немесе жойылуы

1. Уағдаласушы тараптар әдетте есептелетін импорттық баждар мен салықтардан екінші Уағдаласушы тараптың аумағынан/немесе аумағына кедендік бақылаумен тауарлар транзиті режимінде жөнелтілген жүктер қайғылы оқиға салдарынан немесе кездейсоқ жағдайлардан жойылғаны немесе қайтарымсыз жоғалғаны сенімді дәлелденген жағдайларда, әлде жүктің өзінің сипатына қарай жеткіліксіздігі аталып өтсе босатады. Тауар-көлік жүкқұжатындағы тауарлар құнының мәлімдемесі тауарлар жойылған (бүлінген) жағдайда баждар/салықтар мөлшерін бағалау үшін міндетті болуы тиіс.

Кеден органдарының дәлелдемелері Уағдаласушы тараптардың ішкі заңнамасына сәйкес болуы тиіс.

2. Осындай жүктердің қалдықтары:

- a) жөнелту еліне қайтадан әкетілуі мүмкін, немесе
- b) кедендік бақылаумен кірістерге шығыссыз жойылуы немесе тауарлық жарамсыздыққа келтірілуі мүмкін, немесе
- c) кедендік өкімет орындарының келісімімен қандай да болмасын қаржылық салдарсыз қазына берілуі мүмкін.

18-бап. Қауіпті жүктерді тасымалдау

Қауіпті жүктерді тасымалдау Уағдаласушы тараптардың ішкі заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

19-бап. Осы Қосымша ережелерінің орындалуына шолу

Уағдаласушы тараптардың кеден әкімшіліктерінің өкілдері (транзиттік сауда жөніндегі ЭКО комитетінің мүшелері) Уағдаласушы тараптардың қайсыбірінің немесе Транзиттік-көліктік үйлестіру кеңесінің өтініші бойынша осы Қосымша ережелерінің орындалу барысын бақылау үшін жылына кемінде бір рет мәжіліске жиналады.

VII қосымшаға

1-толықтыру

КӨЛІКТІК ЖҮКҚАҒАЗДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

1. Көліктік жүкқағаздың мынадай ерекшеліктері бар:

- a) жүкқағаздың берілген күні және оның жазылған орны;
- b) жөнелтушінің аты және мекен-жайы;

- c) көлік операторының аты және мекен-жайы;
 - d) тауарларды қабылдау орны мен күні және оның жеткізу орны;
 - e) алушының аты және мекен-жайы;
 - f) тауардың жалпы сипаттамасы және оны қаптаудың әдісі, қауіпті тауарлар жағдайында оларды жеткізуге жарамды деп мойындау;
 - g) қаптамалардың саны және арнайы таңбалау мен нөмірлеу;
 - h) тауарлардың брутто салмағы және олардың көлемі;
 - i) тасымалдау жөніндегі алымдар (тасымалдау, алымдар, қосымша алымдар, кедендік баждар және жеткізу сәтінен бастап басқа да алымдар);
 - j) кедендер үшін қажетті нұсқаулықтар және басқа нысандылықтар;
 - k) шарттың қандай да болмасын бабына қарамастан тасымалдау осы келісімнің шарттары бойынша жүзеге асырылатынына қатысты мәлімдеме.
2. Қажет болғанда көліктік жүкқағаздың мынадай ерекшеліктері болады:
- a) артық тиеуге тыйым салынғаны туралы мәлімдеме;
 - b) жөнелтуші төлеуге міндеттенетін алымдар;
 - c) "үстеме төлемнің" сомасы;
 - d) тауарлардың құны туралы мәлімдеме және жеткізу кезінде ерекше қызығушылық тудыратын сома;
 - e) тауарды сақтандыруға қатысты жөнелтушінің көлік операторына нұсқаулықтары;
 - f) жүкті тасымалдаудың келісілген мерзімдері;
 - g) көлік операторына берілген құжаттар тізбесі.

3. Тараптар орынды деп есептесе қалауы бойынша көлік жүкқұжатына басқа да ерекшеліктерді енгізе алады.

VII қосымшаға

2-толықтыру

КЕДЕНДІК МӨРЛЕРГЕ, ПЛОМБАЛАРҒА ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БЕКІТКІШТЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ЕҢ ТӨМЕН ТАЛАПТАР

Кедендік мөрлер, пломбалар және бекіткіштер мынадай ең аз талаптарды қанағаттандыруы тиіс:

1. Мөрлерге, пломбаларға және олардың бекіткіштеріне қатысты жалпы талаптар:
- a) берік және ұзақ төзімді болуы тиіс;
 - b) жеңіл және тез салынуы тиіс;
 - c) жеңіл тексерілуі және бірегейлендірілуі тиіс;
 - d) бүтіндігін бұзбай немесе бұзылғандығының көрінетін іздерін қалдырмай алып тастау мүмкіндігі болмауы тиіс;
 - e) қайта пайдалану мүмкіндігінің болмауы;
 - f) көшірме жасау немесе қолдан жасау үшін мүмкіндігінше күрделі болуы

тиіс.

2. Мөрлер мен пломбалардың физикалық сипаттамасы:

а) мөрлер мен пломбалардың нысаны мен мөлшері кез келген бірегейлендіру белгілері жеңіл оқылатындай болуы тиіс;

б) пломбаның әрбір құлағының мөлшері пайдаланылатын бекіткіштің мөлшеріне сәйкес болуы тиіс және бекіткіш мөрленген пломба кезінде орнында мығым ұсталатындай болып орнатылуы тиіс;

с) пайдаланылатын материал кездейсоқ сынуды болдырмау, өз қасиеттерін уақытынан бұрын жоғалтпау үшін (ауа-райының жағдайларына байланысты, химикаттардың әсерінен және т.б.) жеткілікті түрде берік болуы және оларды ашуға талаптануды анықтау мүмкіндігінің қасиеттері болуы тиіс.

3. Бірегейлендіру белгілері:

Мөрлер, пломбалар және бекіткіштер:

а) "Кеден" немесе "Customs" деген сөздер пайдаланылған кеден мөрі екендігі көрінетіндей;

б) халықаралық қатынастар үшін пайдаланылатын автокөлік құралының тіркелу елін белгілеу кезінде пайдаланылатын белгілердің көмегімен мөрді және пломбаны қай ел салғаны көрінетіндей;

с) мөрді, пломбаны салған кедендік қызметті немесе, мысалы кодтық әріптер мен нөмірлерді пайдалану арқылы, кімнің өкілеттілігімен салынғандығын бірегейлендіру мүмкіндігі болатындай болып тиісті түрде таңбалануы тиіс.

VIII ҚОСЫМША

ТРАНЗИТТІК-КӨЛІКТІК ҮЙЛЕСТІРУ КЕҢЕСІ (ТКҮК) ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1-бап

ТКҮК өкілеттіктері және құрамы

1. Транзиттік-көліктік үйлестіру кеңесі Транзиттік тасымалдар жөніндегі негізгі келісімнің (ТТФА) мақсаттарына жету үшін жауапты. Ол Уағдаласушы тараптар

арасындағы транзиттік тасымалдардың мәселелерін бақылайды, орындалуын қамтамасыз етеді және үйлестіреді.

2. Транзиттік-көліктік үйлестіру кеңесінің құрамына шекараларды кесіп өтуді қамтамасыз ету және халықаралық тасымалдарға жәрдемдесу жөніндегі ұлттық ведомствоаралық комиссиялардың төрағалары немесе Уағдаласушы тараптардың транзиттік тасымалдар мәселелерімен айналысатын жоғары лауазымды өкілдері кіреді.

3. Кеңес Транзиттік тасымалдар жөніндегі негізгі келісімнің мақсаттарына жету үшін өз функцияларын орындауда сүйенетін өзінің меншікті көмекші органдарын тағайындай алады.

2-бап

Кеңестің мақсаттары және функциялары

1. Кеңес транзиттік-көліктік мәселелерді реттеумен байланысты мәселелерді Транзиттік тасымалдар жөніндегі негізгі келісімнің контекстінде қарайды:

a) Уағдаласушы тараптар оларды шешуге жәрдемдесуге келіскен Транзиттік тасымалдар саласындағы ынтымақтастықпен байланысты барлық мәселелерді зерделейді;

b) Уағдаласушы тараптардың арасындағы Уағдаласушы тараптардың аумақтарында транзит жағдайын жақсартуға бағытталған аймақтық жобалармен байланысты мәселелерде келісімге қол жеткізудің жолдарын қарастырады;

c) Уағдаласушы тараптардың арасындағы транзиттік тасымалдарды реттейтін жалпы қағидаттар мен ережелерді қалыптастырады;

d) Келісімнің ережелері мен оның қосымшаларын бірыңғай түсіндіруді және қолдануды қамтамасыз етеді;

e) Келісімді жаңа талаптармен және технологиялық әзірлемелермен сәйкестікке келтіруге бағытталған шараларды қарайды;

f) Транзиттік-көліктік мәселелермен айналысатын басқа да халықаралық ұйымдармен ынтымақтасады.

3-бап

Кеңестің мәжілістері

1. Транзиттік-көліктік үйлестіру кеңесі жылына кем дегенде бір рет жиналады.

2. Хатшылық арқылы бағытталған кез келген Уағдаласушы тараптың өтініші бойынша транзиттік-көліктік үйлестіру кеңесі және оның көмекші органдары кезектен тыс мәжілістер өткізе алады.

3. Транзиттік-көліктік үйлестіру кеңесіндегі және оның көмекші органдарындағы төрағалық осы органдардың мүшелерінің ішінен жыл сайынғы негізде кезекпен жүзеге асырылады.

4. Транзиттік-көліктік үйлестіру кеңесінің кезекті мәжілістері Уағдаласушы тараптардың әрқайсысында кезекпен шақырылады, олар мәжілісті ұйымдастыруды және оған қатысушыларды өз есебінен қабылдауды қамтамасыз етеді. Кезектен тыс мәжілістер келісім бойынша Уағдаласушы тараптардың кез келгеніне жоғарыда аталған балама шарттарда өткізіледі.

5. Транзиттік-көліктік үйлестіру кеңесінің және оның көмекші органдарының төрағалары өздерінің функцияларын келесі төрағалар өздерінің функцияларын орындауға кіріскенге дейінгі сессияаралық кезеңдерде де орындайды.

6. ТКҮК Хатшылығының және оның көмекші органдарының функцияларын ЭКО Хатшылығы жүзеге асырады.

4 - б а п

Кеңестің және оның көмекші органдарының шешімдері

1. Транзиттік-көліктік үйлестіру кеңесінің шешімдері консенсуспен қабылданады. Консенсусқа қол жеткізу мүмкін болмағанда және Уағдаласушы тараптардың қайсысы үшін болмасын көпшіліктің пікірін қабылдау мүмкін болмағанда Транзиттік-көліктік үйлестіру кеңесі немесе Уағдаласушы тараптардың бірі Транзиттік тасымалдар жөніндегі негізгі келісімнің 37-39

баптарының ережелеріне сәйкес мәселені төрелік арқылы реттеу туралы сұрауы мүмкін.

2. Кеңестің көмекші органдарының шешімдері консенсуспен қабылданады және Транзиттік-көліктік үйлестіру кеңесінің мақұлдауын алуы тиіс. Консенсусқа қол жеткізу мүмкін болмағанда мәселені шешу Транзиттік-көліктік үйлестіру кеңесіне беріледі.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК